

**«Қазақтеңізкөлікфлоты»
Ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» ЖШС**

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

*2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін,
тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен қоса*

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

Шоғырландырылған қаржылық есептілік

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	1
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	2
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	3
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	4
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер	5-45

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Қазақтеңізкөлікфлоты» Ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің Басшылығына, Қадағалау кеңесі мен Қатысушысына

Пікір

Біз «Қазақтеңізкөлікфлоты» Ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі - «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды ережелері туралы ақпаратты қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және Қазақстан Республикасында біздің шоғырландырылған қаржылық есептілігіміздің аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Басшылықтың және Қадағалау кеңесінің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарын дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Қадағалау кеңесі Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;

- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз;
- ▶ шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір қалыптастыру үшін негіз ретінде ұйымдардың қаржылық ақпаратына немесе Топ ішіндегі шаруашылық бірлікке қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдемелер алу мақсатында Топтың аудитін жоспарлаймыз және жүзеге асырамыз. Біз Топтың аудит мақсаттары үшін орындалатын аудиторлық процедураларды жалпы басқаруға, бақылауға және тексеруге жауаптымыз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

Біз Қадағалау кеңесінің назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, онымен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС



Динара Малаева
Аудитор

Аудитордың 2016 жылғы 25 ақпандағы №
МФ-0000323 біліктілік куәлігі



Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасының аумағында
аудиторлық қызметпен айналысуға
арналған мемлекеттік лицензия сериясы
МФЮ - 2, № 00000003, Қазақстан
Республикасы Қаржы Министрлігімен
2005 жылы 15 шілдеде берілді

А15Е3Н4, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2025 жылғы 21 ақпан

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

Мың теңгемен	Ескерт.	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
Активтер			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	5	41.034.484	40.901.925
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер	6	22.055	95.003
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	7	443.472	455.842
Материалдық емес активтер	8	51.548	55.155
Бірлескен кәсіпорынға инвестициялар	9	7.584.353	7.120.046
Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты	10	1.000	1.000
Басқа да айналымнан тыс активтер		34.365	50.671
		49.171.277	48.679.642
Айналымдағы активтер			
Қорлар	11	1.055.641	1.289.679
Пайда салығы бойынша алдын ала төлем		843.953	431.886
Сауда және басқа да дебиторлық берешек	12	9.720.413	9.714.515
Ақша қаражаты мен оның баламалары	14	16.449.802	11.164.460
Басқа да айналымдағы активтер	13	2.675.201	1.516.538
		30.745.010	24.117.078
Активтер жиыны		79.916.287	72.796.720
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	15	18.625.721	18.625.721
Шетел валютасын қайта есептеу резерві		12.371.993	7.601.423
Бөлінбеген пайда		39.332.507	36.725.464
Капитал жиыны		70.330.221	62.952.608
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Пайдаға салынатын кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	27	476.673	588.967
Резервтер		48.955	65.261
Жалдау бойынша міндеттемелер	17	-	15.910
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер		55.235	-
		580.863	670.138
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Жалдау бойынша міндеттемелер - қысқа мерзімді бөлік	17	16.278	77.730
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	18	8.109.651	8.550.278
Табыс салығы бойынша міндеттеме		95.045	176.824
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	19	784.229	369.142
		9.005.203	9.173.974
Міндеттемелер жиыны		9.586.066	9.844.112
Капитал мен міндеттемелер жиыны		79.916.287	72.796.720

Бас директордың м.а./Қаржы директоры

Бас бухгалтер



Р.Г. Сүлейменов

А.О. Бекжанова

5-45 бет аралығында ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2024 жыл	2023 жыл
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	20	135.872.598	134.614.258
Жалға беруден түскен кіріс	21	1.323.989	7.279.263
Түсім		137.196.587	141.893.521
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	22	(120.954.294)	(125.560.503)
Жалпы пайда		16.242.293	16.333.018
Жалпы және әкімшілік шығыстар	23	(3.238.869)	(2.704.666)
Өткізу шығыстары		(987.007)	(1.023.283)
Құнсыздану залалы	5	(2.200.990)	(895.216)
Басқа да операциялық кірістер	24	206.414	388.764
Басқа да операциялық шығыстар	24	(98.535)	(109.095)
Операциялық пайда		9.923.306	11.989.522
Қаржылық кірістер	25	524.796	337.715
Қаржылық шығыстар	25	(4.052)	(175.641)
Бірлескен кәсіпорынның кірісіндегі үлес	7	464.307	48.279
Бағамдық айырма, нетто		945.294	(34.862)
Салық салынғанға дейінгі пайда		11.853.651	12.165.013
Пайда салығы бойынша шығыстар	26	(1.886.608)	(3.113.642)
Бір жылғы пайда		9.967.043	9.051.371
Басқа да жиынтық кіріс			
<i>Келесі кезеңдерде пайданың немесе зиянның құрамына қайта сыныптауға жататын басқа да жиынтық кіріс сомалары (салықтарды шегере отырып)</i>			
Шетелдік бөлімшелердің есептілігін қайта есептеуден болған бағамдық айырмалар		4.770.570	(487.359)
Салықтар шегерілген бір жылғы басқа да жиынтық кіріс/(залал)		4.770.570	(487.359)
Салықтарды шегере отырып, бір жылғы жиынтық кірістің жиыны		14.737.613	8.564.012

Бас директордың м.а./Қаржы директоры

Бас бухгалтер



Р.Г. Сүлейменов

А.О. Бекжанова

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2024 жыл	2023 жыл
Операциялық қызмет			
Сатып алушылардан түскен ақша түсімдері		137.295.904	152.917.220
Өнім жеткізушілерге ақшалай төлемдер		(116.447.060)	(129.398.515)
Жұмыскерлерге ақшалай төлемдер		(2.645.425)	(2.052.873)
Бюджетке ақша төлемдері және басқасы		(1.983.275)	(2.523.157)
Пайдалануда шектелген ақша қаражатының түсуі		-	1.031.442
Алынған пайыздар		464.077	309.594
Төленген пайыздар	16	-	(177.922)
Төленген пайда салығы		(2.514.674)	(3.292.345)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары		14.169.547	16.813.444
Инвестициялық қызмет			
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсім		-	300.764
Материалдық емес активтерді сатып алу		(10.161)	(8.286)
Негізгі құралдарды сатып алу		(3.119.563)	(2.761.063)
Бірлескен кәсіпорынның жарғылық капиталына салынған салымдар	9	-	(7.071.767)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары		(3.129.724)	(9.540.352)
Қаржылық қызмет			
Жарғылық капиталға салынған жарна	15	-	7.050.000
Төленген дивидендтер		(7.360.000)	
Қарыздарды өтеу	16	-	(11.756.532)
Қаржылық жалдау бойынша өтеу		(82.129)	(59.764)
Қаржылық қызметке пайдаланылған таза ақша ағыны		(7.442.129)	(4.766.296)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өсуі		3.597.694	2.506.796
Ақша қаражаты мен оның баламаларына таза бағамдық айырма		1.687.648	(95.710)
1 қаңтарға ақша қаражаты мен оның баламалары		11.164.460	8.753.374
31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары	14	16.449.802	11.164.460

Бас директордың м.а./Қаржы директоры

Бас бухгалтер



Р.Г. Сүлейменов

А.О. Бекжанова

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Жарғылық капитал	Шетел валютасын қайта есептеу резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2023 жылғы 1 қаңтарға	11.575.721	8.088.782	27.674.093	47.338.596
Жарғылық капиталға салынған жарналар	7.050.000			7.050.000
Бір жылғы пайда	–	–	9.051.371	9.051.371
Бір жылғы басқа да жиынтық запал	–	(487.359)	–	(487.359)
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	–	(487.359)	9.051.371	8.564.012
2023 жылғы 31 желтоқсанға	18.625.721	7.601.423	36.725.464	62.952.608
Бір жылғы пайда	–	–	9.967.043	9.967.043
Дивидендтер	–	–	(7.360.000)	(7.360.000)
Бір жылғы басқа да жиынтық кіріс	–	4.770.570	–	4.770.570
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	–	4.770.570	2.607.043	7.377.613
2024 жылғы 31 желтоқсанға	18.625.721	12.371.993	39.332.507	70.330.221

Бас директордың м.а./Қаржы директоры

Бас бухгалтер



Р.Г. Сүлейменов

А.О. Бекжанова

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» АҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 желтоқсандағы қаулысына сәйкес құрылып, 1998 жылғы 29 желтоқсанда тіркелді. 2013 жылғы 21 қазанда Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес «Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» АҚ «Қазақтеңізкөлікфлоты» ұлттық теңіз кеме қатынасы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестік (бұдан әрі - «Компания») болып қайта құрылды. Компания Қазақстан Республикасының ұлттық теңіз сауда флотын құру және отандық жүктердің халықаралық теңіз тасымалын ұйымдастыру мақсатында құрылды.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «ҚМГ ҰК») немесе «Бас компания») Компанияның жалғыз қатысушысы болып табылады. ҚМГ ҰК бақылаушы акционері «Самұрық – Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі - «Қор») болып табылады. 2024 жылғы 31 желтоқсанға ҚМГ ҰК акцияларының 67,42%-ы Қорға, 20%-ы Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігіне, акциялардың 9,58%-ы «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» Республикалық мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - «ҚРҰБ») тиесілі және акциялардың 3%-ы АІХ және KASE қор биржаларында еркін айналымда болады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қордың жалғыз акционері болып табылады.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке Компанияның және оның еншілес ұйымдарының, бірлесіп «Топ» деп аталады, қаржылық есептіліктері кіреді. Компанияның еншілес ұйымдарының тізімі *2-ескертпеде* келтірілген.

Топ қызметінің негізгі түрлерінің бірі Ақтау портынан халықаралық нарыққа теңіз арқылы қазақстандық шикі мұнайды тасымалдау, Қара және Жерорта теңіздерінде шикі мұнайды тасымалдау, құрғақ жүктерді тасымалдау, сондай-ақ сервистік флот қызметтерін көрсету болып табылады.

Топтың меншікті флотын бес мұнай құю танкері («Алматы», «Астана», «Ақтау», «Алтай» және «Алатау»), үш контейнер тасушы («Барыс», «Бүркіт» және «Сұңқар»), екі құрғақ жүк тасушы («Бекет-Ата» және «Түркістан») және үш сүйреткіш кеме («Эмба», «Талас» және «Иргиз») құрайды.

Компанияның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 130000, Ақтау қаласы, 14 ықшамауданы, 70-ғимарат.

Топтың қоса берілген шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығаруға бас директордың м.а./қаржы директоры және бас бухгалтер 2025 жылғы 21 ақпанда бекітті.

2. ТОПТЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ОНЫ ӨЗГЕРТУ НЕГІЗІ

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес (бұдан әрі - «ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес әзірленді.

Бұл шоғырландырылған қаржылық есептілік, есеп саясатында және шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде сипатталғандарды қоспағанда, тарихи құны бойынша есепке алу әдісінің негізінде дайындалған. Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің барлық сомалары, егер өзгесі көрсетілмесе, мыңдық мәндерге дейін дөңгелектенген.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау белгілі бір сыни бухгалтерлік бағалаулар мен жорамалдарды пайдалануды талап етеді. Сондай-ақ ол басшылықтан Топтың есеп саясатын қолдану процесінде пайымдауларды қолдануды талап етеді. Пайымдауларды қолданудың барынша жоғары дәрежесін немесе барынша жоғары күрделілікті қолдануды болжайтын қызмет аялары немесе жорамалдар мен бағалаулар шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін маңызды болып табылатын салалар *4-ескертпеде* ашылып көрсетілген. Мұндай бағалаулар шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау күніне қолда бар ақпаратқа негізделген. Осылайша, келешектегі нақты нәтижелер осы бағалаудан ерекшеленуі мүмкін.

Топ өзінің қаржылық есептілігін қызметтің үздіксіздігі туралы болжамға сүйене отырып дайындады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. ТОПТЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ОНЫ ӨЗГЕРТУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Қайта жіктеулер

2023 жылдың деректеріне оларды 2024 жылғы деректерді ұсыну форматына сәйкес келтіру үшін келесі өзгерістер енгізілді.

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	Алдыңғы есептілікке сай	Қайта жіктеу сомасы	Түзетілген сома
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	134.578.827	(35.431)	134.614.258
Жалға беруден түскен кіріс	7.279.263	–	7.279.263
Түсім	141.858.090	(35.431)	141.893.521
Басқа да операциялық кірістер	731.243	342.479	388.764
Басқа да операциялық шығыстар	(416.143)	(307.048)	(109.095)
Операциялық пайда	11.989.522	–	11.989.522

2024 жылы Топ басқа операциялық кірістер мен басқа операциялық шығыстарды сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім бабында ұсыну туралы шешім қабылдады.

Шоғырландыру негізі

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке Компанияның және оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептілігі кіреді. Егер Топ инвестициялау объектісіне қатысудан болатын ауыспалы кіріспен байланысты тәуекелдерге ұшыраған жағдайда бақылау жасалады немесе мұндай кірісті алуға құқығы, сондай-ақ инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асырудың көмегімен кіріске әсер ету мүмкіндігі бар. Атап айтқанда, Топ тек келесі талаптар орындалса ғана, инвестициялар нысанын бақылайды:

- Топтың инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктерінің болуы (яғни, инвестициялар нысанының маңызды қызметін ағымдағы басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар);
- Топтың инвестициялау объектісіне қатысудан түсетін ауыспалы кіріспен байланысты тәуекелдерге ұшырағыштығының немесе мұндай кірісті алуға құқықтарының болуы;
- Топтың инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асыру арқылы кіріске ықпал ету мүмкіндігінің болуы.

Әдетте, дауыс беру құқықтарының көп болуы бақылаудың болуын білдіреді деп болжанады. Мұндай жорамалды растау үшін және Топтың инвестициялар объектісіне қатысты дауыс беру құқықтарының көпшілігі немесе ұқсас құқықтары болған кезде Топ мұндай инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктердің болуын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен жағдайларды ескереді:

- Инвестициялар объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа тұлғалармен келісім;
- Басқа келісімдермен негізделген құқықтар;
- Дауыс беру құқығы және Топқа тиесілі әлеуетті дауыс беру құқықтары.

Егер фактілер мен жағдайлар бақылаудың үш құрамдасы бірінің немесе бірнешеуінің өзгеруін растаса, Топ инвестициялар нысанына қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды. Топ еншілес ұйымға бақылауды алған кезде еншілес ұйымның шоғырлануы басталады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылғанда тоқталады. Сатып алынуы немесе есептен шығарылуы жыл ішінде болған еншілес ұйымның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

Пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кірістің (БЖК) әрбір құрамдасы Топтың бас компаниясының акционерлеріне және тіпті егер бұл бақыланбайтын қатысу үлестерінде теріс сальдоға әкеліп соқтырған жағдайда да, бақыланбайтын қатысу үлестеріне жатады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. ТОПТЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ОНЫ ӨЗГЕРТУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Шоғырландыру негізі (жалғасы)

Қажет болғанда еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі мұндай ұйымдардың есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін түзетіледі. Топішілік барлық активтер мен міндеттемелер, меншікті капитал, кірістер, шығыстар және Топ ішінде операцияларды жасау нәтижесінде туындайтын ақша ағындары шоғырландыру кезінде толығымен алынып тасталады.

Бақылаудан айырылмастан еншілес ұйымдағы қатысу үлесін өзгерту меншікті капиталмен операция ретінде ескеріледі.

Егер Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылып қалса, ол тиісті активтерді (оның ішінде гудвилді), міндеттемелерді, бақыланбайтын қатысу үлестерін және меншікті капиталдың басқа да құрамдастарын тануды тоқтатады және туындап қалған пайданы немесе зиянды пайда немесе зиян құрамында мойындайды. Қалған инвестициялар әділ құны бойынша танылады.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның келесі ұйымдарда қатысу үлесі болды:

Компания	Негізгі қызмет	Тіркелген жері	Қатысу үлесі	
			2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
«Kazmortransflot Ltd.»	Қара және Жерорта теңіздерінде шикі мұнайды теңізбен тасымалдау	Мэн аралы	100%	100%
«Kazmortransflot UK Ltd.»	Топқа қызмет көрсететін агент компания ретінде операциялар жүргізеді және коммерциялық басқару жөніндегі келісімге сәйкес кірістерді түсіреді	Ұлыбритания	100%	100%
«Altai Shipping Ltd»	Шикі мұнайды және мұнай өнімдерін теңіз арқылы халықаралық нарықтарда тасымалдау және меншігіндегі танкерді жалға беру	Маршалл аралдары	100%	100%
«Alatau Shipping Ltd»	Шикі мұнайды және мұнай өнімдерін теңіз арқылы халықаралық нарықтарда тасымалдау және меншігіндегі танкерді жалға беру	Маршалл аралдары	100%	100%
«Caspian Integrated Maritime Solutions Ltd» ЖК	Теңіз және жағалау жүк көлігінің қызметі, өндіріс құралдарымен және материалдық-техникалық ресурстармен жабдықтау және сервистік қызмет көрсетудің басқа да түрлері	Қазақстан Республикасы	49%	49%
«Маңғыстау облысының кеме жөндеу зауыты» ЖШС	Мультимодальды теңіз базасын салу және кемелерді доқтық жөндеу жұмыстарын жүргізу	Қазақстан Республикасы	30%	30%

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

2024 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын немесе Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеген жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енетін стандарттар мен түсіндірмелерге кейбір стандарттар мен түзетулер 2024 жылы алғаш рет қолданылды. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер - «Кері жалдау арқылы сату операциясының шеңберіндегі жалдау міндеттемесі»

16 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулерде жалға алушының сатушы-жалға алушыда сақталатын пайдалану құқығына қатысты кез келген пайда немесе зиян сомасын мойындауын болдырмау үшін сатушы-жалға алушы кері жалдау операциясынан туындайтын жалдау міндеттемесін бағалау кезінде пайдаланатын талаптар нақтыланады.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. ТОПТЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ОНЫ ӨЗГЕРТУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу»

1 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулерде міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді деп жіктеуге қатысты талаптар түсіндіріледі. Түзетулерде мыналар түсіндіріледі:

- Міндеттемелерді реттеу мерзімін кейінге қалдыру құқығы деп нені түсінуге болады;
- Міндеттемелерді реттеу мерзімін кейінге қалдыру құқығы есепті кезеңнің соңында болуы тиіс;
- Міндеттемелердің жіктелуіне ұйымның міндеттемелерді реттеу мерзімін кейінге қалдыру құқығын орындау ықтималдылығы ықпалын тигізбейді;
- Міндеттеменің талаптары оның жіктелуіне ықпалын тигізбейді, тек егер айырбасталатын міндеттемеге ендірілген туынды құрал өз бетімен үлестік құрал болып табылмаса ғана. Сонымен қатар, ұйым кредиттік келісімге байланысты туындайтын міндеттеме ұзақ мерзімді болып жіктелген және ұйымның осы міндеттемені реттеуді кейінге қалдыру құқығы он екі ай ішінде болашақ ковенанттардың сақталуына байланысты болатын жағдайларда акпаратты ашуға міндетті.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

7 ХҚЕС-ке (IAS) және 7 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер - «Өнім жеткізушілерді қаржыландыру туралы келісімдер»

7 ХҚЕС-ке (IAS) «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» және 7 ХҚЕС-ке (IFRS) «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» түзетулерде жеткізулерді қаржыландыру туралы келісімдердің сипаттамалары сипатталған және осындай келісімдер туралы қосымша акпаратты ашуға қатысты талаптар қамтылған. Түзетулерде қамтылған акпаратты ашуға қойылатын талаптар қаржылық есептілікті пайдаланушыларға жеткізулерді қаржыландыру келісімдерінің ұйымның міндеттемелеріне, ақша қаражатының ағындарына және өтімділік тәуекеліне ұшырағыштығын түсінуге көмектесуге бағытталған.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Топтың қаржылық есептілігін шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер келтіріледі. Топ осы стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді, егер қолданылатын болса, олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

21 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер - «Валюта айырбастау мүмкіндігінің болмауы»

2023 жылғы тамызда ХҚЕС жөніндегі кеңес «Валюта бағамдары өзгерістерінің әсері» 21 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулерін шығарды, онда ұйым бір валютаны басқа валютаға айырбастауға болатындығын қалай бағалауы керек және айырбастау мүмкіндігі болмаған кезде ағымдағы айырбас бағамын қалай анықтау керек екендігі түсіндіріледі. Түзетулер сонымен қатар қаржылық есептілікті пайдаланушыларға бір валютаны басқа валютаға айырбастау мүмкіндігінің болмауы ұйымның қаржылық нәтижелеріне, қаржылық жағдайына және ақша ағындарына қалай әсер ететінін немесе әсер ететінін түсінуге мүмкіндік беретін акпаратты ашуға қойылатын талаптарды қамтиды.

Түзетулер 2025 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Бұл фактінің ашылып көрсетілу талабымен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулерді қолдану кезінде ұйым салыстырмалы акпаратты қайта есептей алмайды.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбейді деп күтілуде.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

2. ТОПТЫҢ ЕСЕП САЯСАТЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ОНЫ ӨЗГЕРТУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттар (жалғасы)

18 ХҚЕС (IFRS) «Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу»

2024 жылғы сәуірде ХҚЕС жөніндегі кеңес 18 ХҚЕС-ті (IFRS) шығарды, ол «Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХҚЕС-тің (IAS) орнына келеді. 18 ХҚЕС (IFRS) белгілі бір жиынтық сомалар мен аралық жиынтық сомаларды ұсынуды қоса алғанда, пайда немесе зиян туралы есепте ақпаратты ұсынуға қатысты жаңа талаптарды енгізеді. Сонымен қатар, пайда немесе зиян туралы есепте ұйымдар барлық кірістер мен шығыстарды бес санатқа бөле отырып ұсынуы керек (алғашқы үшеуі жаңа): операциялық, инвестициялық және қаржылық, табыс салығы және тоқтатылған қызмет.

18 ХҚЕС-те (IFRS) басшылық айқындайтын қызмет көрсеткіштері, кірістер мен шығыстардың аралық жиынтық сомалары туралы ақпаратты ашуға қойылатын талаптар, сондай-ақ негізгі қаржылық есептер мен ескертпелердің функциясына байланысты қаржылық ақпаратты жинақтауға және бөлшектеуге қойылатын жаңа талаптар қамтылады.

Жаңа стандартты шығару нәтижесінде «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» 7 ХҚЕС (IAS) қолдану аясына түзетулер енгізілді, оған сәйкес жанама әдісті қолдану кезінде операциялық қызметтен түсетін ақша ағындарын анықтау үшін «пайда немесе зиян» орнына «операциялық пайда немесе зиян» пайдаланылады. Сонымен қатар, түзетулер дивидендтер мен пайыздарды төлеуге байланысты туындайтын ақша ағындарының жіктелуін тандау мүмкіндігін жокқа шығарады. Кейбір басқа стандарттарға ілесіп түзетулер де енгізілді. 18 ХҚЕС (IFRS) және басқа стандарттарға тиісті түзетулер 2027 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Бұл фактінің ашылып көрсетілу талабымен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. 18 ХҚЕС (IFRS) ретроспективті түрде қолданылады.

Қазіргі уақытта Топ жаңа стандарт пен түзетулердің негізгі қаржылық есептер мен шоғырландырылған қаржылық есептілік жазбаларына қандай әсер ететінін анықтау үшін жұмыс істеуде.

19 ХҚЕС (IFRS) «Жария есептілігі жоқ еншілес ұйымдар: ақпаратты ашу»;

2024 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі кеңес 19 ХҚЕС-ті (IFRS) шығарды, ол белгілі бір критерийлерге жауап беретін ұйымдарға ақпаратты ашуға жеңілдетілген талаптарды қолдануға мүмкіндік береді, сонымен бірге ХҚЕС-тің басқа бухгалтерлік есеп стандарттарын тануға, бағалауға және ұсынуға қойылатын талаптарды толық қолданады. Егер ұйым есепті кезеңнің аяқталу күніне 10 ХҚЕС (IFRS) анықтамасына сай еншілес ұйым болып табылса, жария есеп беретін ұйым болып табылмаса және оның жалпы пайдалануға қолжетімді ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындайтын бас ұйымы (түпкілікті немесе аралық) болса, осы стандартты қолдана алады.

19 ХҚЕС (IFRS) 2027 жылғы 1 қаңтардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбейді деп күтілуде.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Шетел валюталарын қайта есептеу

Шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен көрсетілген, әрі ол функционалдық валюта және Топтың есептілігін білдіру валютасы болып табылады.

Шетел валюталарындағы операциялар бастапқыда операцияның жасалу күніне қолданылатын бағам бойынша функционалдық валютада ескеріледі. Шетел валютасында деноминацияланған ақшалай активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын функционалды валютаның бағамы бойынша қайта есептеледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАЛҒАСЫ)

Шетел валюталарын қайта есептеу (жалғасы)

Негізгі мәмілені жасау күнінен кейінгі күнге шетел валютасында деноминацияланған активтер мен міндеттемелер бойынша туындайтын бағамдық айырмадан болған кез келген пайда мен зиян жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Шетел валютасында тарихи құнына сүйене отырып бағаланатын ақшалай емес баптар бастапқы операциялар күніне айырбастау бағамдарын пайдалана отырып қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын ақшалай емес баптар әділ құнды айқындау күніне қолданылатын бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Қазақстан қор биржасында (бұдан әрі ҚҚБ) белгіленген орташа есептелген валюта айырбастау бағамы Қазақстан Республикасында ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады.

Бұл шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде теңгеге қатысты негізгі әлемдік валюталардың келесі айырбас бағамдары пайдаланылды:

Күнге айырбастау бағамы	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ доллары	525,11	454,56
Еуро	546,74	502,24
Ағылшын фунт стерлингі	658,91	577,47

Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар

Топқа «Caspian Integrated Maritime Solutions Ltd» ЖК (бұдан әрі – CIMS) бірлескен кәсіпорнына қатысу үлесі тиесілі.

CIMS компаниясының қаржылық есептілігі Топ қаржылық есептілігі сияқты есепті кезеңде жасалады. Қос компанияның есеп саясаты Топтың есеп саясатына сәйкес келеді. Осылайша, сатып алу күнінен кейін инвестициялар объектілерінің пайдасындағы немесе зиянындағы Топтың үлесін бағалау және тану кезінде түзетулер жасалмайды.

Бірлескен кәсіпорын - қызметке бірлескен бақылауға ие болатын тараптың қызметтің таза активтеріне құқықтарының болуын болжайтын бірлескен кәсіпкерлік. Бірлескен бақылау – бұл шартпен көзделген қызметке жасалатын бақылаудың бөлінуі, әрі ол тек маңызды қызметке қатысты шешімдердің қабылдануы бақылауды бөлетін тараптардың бірауызды келісімін қажет еткен жағдайларда ғана орын алады.

Айтарлықтай ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес ұйымдарға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас келеді. Топтың қауымдасқан ұйымға және бірлескен кәсіпорынға инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі.

Қауымдасқан ұйымның және бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы немесе зиянындағы Топтың жиынтық үлесі операциялық пайдадан бөлек пайда немесе зиян туралы есепте көрсетіледі және салық салынғаннан және қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның еншілес ұйымдарындағы бақыландырылатын қатысу үлестерін есепке алғаннан кейінгі пайданы немесе зиянды білдіреді.

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестиция алдымен бастапқы құны бойынша танылады. Инвестициялардың баланстық құны кейіннен Топтың сатып алғаннан кейін туындайтын қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның таза активтеріндегі үлестің өзгеруін мойындау салдарынан түзетіледі. Қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға қатысты гудвилл инвестицияның баланстық құнына қосылады және құнсыздануға бөлек тестіленбейді. Осылайша, құнсыздануды қалпына келтіру іс жүзінде гудвилл құнсыздануын қалпына келтіруді қамтуы мүмкін. Құнсыздану және оны қалпына келтіру сомалары пайда немесе зиян туралы есепте «Қауымдасқан ұйым мен бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы үлес» бабында көрсетілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар (жалғасы)

Пайда немесе зиян туралы есеп қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын қызметінің нәтижелерінде Топтың үлесін көрсетеді. Мұндай инвестициялау объектілерінің БЖК өзгеруі Топтың БЖК құрамында көрсетіледі. Сонымен бірге, егер бірлескен кәсіпорынның немесе қауымдасқан ұйымның меншікті капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алса, Топ осындай өзгерістегі өз үлесін таниды және бұл меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есепте қолданылса, осы фактіні ашады. Топтың қауымдасқан ұйыммен немесе бірлескен кәсіпорынмен операциялары бойынша туындайтын жұмсалмаған пайда мен зияндар Топтың қауымдасқан ұйымда немесе бірлескен кәсіпорында қатысу үлесінің болған дәрежесінде алынып тасталды.

Топтың қауымдасқан ұйымның және бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы немесе зиянындағы үлесі операциялық пайданың шегінен тыс пайда немесе зиян туралы есепте тікелей көрсетілген. Ол салық салынғаннан кейінгі және қауымдасқан ұйымның немесе еншілес кәсіпорынның еншілес ұйымдарындағы бақыланбайтын қатысу үлестерін есепке алғаннан кейін пайданы немесе зиянды білдіреді.

Қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігінде есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда, есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісі қолданылғаннан кейін Топ өзінің қауымдасқан ұйымына немесе бірлескен кәсіпорнына инвестициясы бойынша құнсызданудан келген қосымша залалын тану қажеттігін айқындайды. Әрбір есепті кезеңде Топ қауымдасқан ұйым мен бірлескен кәсіпорынға салынған инвестициялар құнсыздануының объективті растаулардың болуын анықтайды. Мұндай растаулар болған жағдайда, Топ құнсыздану сомасын қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның өтелетін сомасы мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және осы шығынды «Қауымдасқан компанияның немесе бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы үлес» бабы бойынша пайда немесе зиян туралы есепте мойындайды.

Қауымдасқан ұйымға айтарлықтай ықпалдан немесе бірлескен бақылаудан айырылған жағдайда, Топ қалған инвестицияларды әділ құны бойынша бағалап, мойындайды. Қауымдасқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның бірлесіп бақылаудан айырылу сәтіндегі баланстық құнының және қалған инвестициялардың әділ құны мен шығудан түскен түсімдердің арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында танылады.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған тозуды және құнсыздануды шегере отырып, бастапқы құны бойынша көрсетіледі.

Негізгі құралдардың бастапқы құнына сатып алу құны немесе құрылыс құны, активті жұмыс істейтіндей күйге келтірумен байланысты кез келген тікелей шығындар және кез келген міндеттемені, егер ондай болса, пайдаланудан шығару бойынша бастапқы бағалау кіреді. Мұндай құнға құрал-жабдықтардың бөлшектерін ауыстыру құны және егер оларды капиталдандыру критерийлері орындалса, ұзақ мерзімді құрылыс жобалары болған жағдайда қарыздар бойынша шығындар кіреді. Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың едәуір құрамдастарын ауыстыру қажет болғанда, Топ осы сияқты құрамдастарды оларға сәйкес болатын дербес пайдалы қызмет ету мерзімдерімен жеке активтер ретінде мойындайды және оларды тиісінше амортизациялайды. Сол сияқты, негізгі техникалық шолып тексеруді жүргізген кезде сонымен байланысты шығындар, егер мойындаудың барлық критерийлері орындалса, құрал-жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында мойындалады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар олар болған сәтте жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады. Сатып алу құны немесе құрылыс құны төленген жалпы соманы және активті сатып алу үшін берілген кез келген өзге құралдардың әділ құнын білдіреді.

Негізгі құралдардың тозуы төменде көрсетілгендей тиісті активтің пайдалы қызмет етуінің есепті мерзімінің ішінде тікжелілік әдістің негізінде есептеледі:

	Пайдалы қызмет ету мерзімі (жылдарда)
Ғимараттар	8-50
Машиналар мен құрал-жабдықтар	3-30
Көлік құралдары	3-30
Басқасы	3-20

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Негізгі құралдар (жалғасы)

Пайдалы қызмет етудің күтілетін мерзімдері, қалдық құны және негізгі құралдардың тозуын есептеу әдістері жыл сайын қайта қаралып отырады және қажет болған жағдайда, тиісті өзгерістер перспективті негізде ескеріледі.

Негізгі құралдардың баланстық құны оқиғалар немесе жағдайлар баланстық құн өтеле алмайтындығына көрсететін әр жағдайда құнсыздану мәніне қайта қаралады.

Жөндеу және қалпына келтіру шығындары олардың пайда болу шамасына қарай шығыстарға жатқызылады және негізгі құралдардың функцияларына байланысты, егер тек капиталдандыруға жатпаса ғана, көрсетілген қызметтердің өзіндік құнының немесе жалпы әрі әкімшілік шығыстардың құрамына қосылады.

Минералдық шикізат кен орнын қалпына келтіру резерві

Кен орнын қалпына келтіруге арналған резерв олардың пайдалы қызмет ету мерзімінің соңында өндірістік активтерді келешекте жоюға және қалпына келтіруге қатысты танылады.

Айназар кен орны бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес Топ, келісімшарттық аумақта ғимараттар мен құрал-жабдықтарды әкетуді немесе жоюды қоса алғанда, өз қызметінің салдарын жоюға міндетті. Минералдық шикізат кен орнын қалпына келтіруге арналған резерв ағымдағы заңгерлік және конструктивтік талаптарға, технологиялардың деңгейі мен бағаларға сүйене отырып бағаланады.

Қалпына келтіруге арналған нақты шығындар заңнаманың, технологиялардың, бағалар мен басқа да шарттардың талаптарында және түсіндірмелерінде болған өзгерістердің салдарынан олардың бағалануынан ерекшеленуі мүмкін болғандықтан және бұл шығындар бірнеше жылдан кейін ғана болатындықтан, резервтің баланстық құны мұндай өзгерістерді есепке алу үшін тұрақты тексеріліп, түзетіліп отырады. 2024 жылғы 31 желтоқсанға минералдық шикізат кен орнын қалпына келтіруге арналған резервтің баланстық құны 48.955 мың теңге (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 65.261 мың теңге) болды.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлік, жинақталған тозу мен құнсыздануды шегере отырып, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, бастапқы құны бойынша бағаланады. Белгілі бір уақыт аралығында инвестициялық жылжымайтын мүліктің едәуір құрамдастарын ауыстыру қажет болғанда, Топ осы сияқты құрамдастарды оларға сәйкес болатын дербес пайдалы қызмет ету мерзімдерімен жеке активтер ретінде мойындайды және оларды тиісінше амортизациялайды. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар олар болған сәтте жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің тозуы үйлер мен ғимараттар үшін 8 жылдан 50 жылға дейін пайдалы қызмет етудің есепті мерзімінің ішінде тікжелілік әдістің негізінде есептеледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің танылуы ол шыққан кезде не болмаса егер ол пайдаланудан шығарылса және оның шығуынан келешекте экономикалық пайда күтілмесе, тоқтатылады. Шығудан туындайтын таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма оны мойындау тоқтатылған кезең ішіндегі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік санатына не болмаса одан аудару жылжымайтын мүлікті пайдалану сипатында өзгерістер болғанда ғана жүзеге асырылады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктен иесі алып отыратын жылжымайтын мүлік объектісіне аудару кезінде кейінгі есепке алу мақсаттары үшін шартты бастапқы құны пайдалану мақсаттарын өзгерту сәтіне қалдық құнын білдіреді. Мүлік иесі алып отырған жылжымайтын мүлік объектісі инвестициялық жылжымайтын мүлік объектісіне айналған жағдайда, Топ мұндай жылжымайтын мүлікті пайдалану мақсаттарын өзгерту сәтіне дейін негізгі құралдарды есепке алу саясатына сәйкес ескереді.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған шығынды шегере отырып, бастапқы құны бойынша көрсетілген. Материалдық емес активтер 2-15 жылдың ішінде тікжелілік әдістің негізінде амортизацияланады және материалдық емес активтің ықтимал құнсыздану белгілері болған жағдайда, құнсыздану мәніне сарапталады. Шектелген пайдалы қызмет ету мерзімі бар материалдық емес активтер амортизациясының мерзімі мен тәртібі кем дегенде әрбір есепті жылдың соңында сараланады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Материалдық емес активтер (жалғасы)

Күтілетін пайдалы қызмет ету мерзімінің немесе нақты активті пайдаланудың және одан келешек экономикалық пайда алуудың күтілетін сипатының өзгеруі амортизация мерзімін немесе тәртібін өзгерту арқылы (жағдайға қарай) ескеріледі және есепті бағалаудың өзгеруі ретінде қарастырылады. Пайдалы қызмет ету мерзімі шектелген материалдық емес активтер бойынша амортизацияланған аударымдар материалдық емес активтің мақсатына сай шығыстар құрамында жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Қорлар

Қорлар қос көлемнің ең азы бойынша бағаланады: өзіндік құны бойынша немесе сатудың таза ықтимал бағасы бойынша. Қорлардың өзіндік құны ФИФО әдісі бойынша айқындалады (бірінші түсім – алғашқы жіберу).

Таза ықтимал сату бағасы өндірісті аяқтауға арналған есепті шығындарды және сатуға арналған есепті шығындарды шегере отырып, әдеттегі қызмет барысында есепті сату бағасы ретінде айқындалады.

Сатуға арналған айналымнан тыс активтер

Топ айналымнан тыс активтер мен шығарылатын топтарды, егер олардың баланстық құны жалғасқан пайдалану нәтижесінде емес, негізінен сату бойынша мәміле арқылы өтелуге жатса, сатуға арналған деп жіктейді. Сатуға арналған деп жіктелген айналымнан тыс активтер мен шығарылатын топтар сатуға арналған шығындар шегеріліп, екі мәннің – теңгерімдік құн мен әділ құнның ең азы бойынша бағаланады. Сатуға арналған шығындар активтің (немесе шығарылатын топтың) есептен шығарылуына тікелей жататын қосымша шығындар болып табылады және қаржыландыру шығындары мен пайда салығы бойынша шығыс кірмейді.

Объектіні сатуға арналған деп жіктеудің критерийлері, егер сату ықтималдылығы жоғары, ал актив немесе шығарылатын топ өзінің ағымдағы жағдайында жедел сатылуы мүмкін болса, сақталған болып саналады. Сатуды жүзеге асыруға қажетті әрекеттер сату бойынша әрекеттердегі едәуір өзгерістердің шағын ықтималдылығына, сондай-ақ сатудың күшін жоюға көрсетуі тиіс. Басшылық активті сату жөніндегі жоспарды іске асыру міндетін өз мойнына алуы тиіс және сатылым жіктелген күннен бастап бір жылдың ішінде аяқталады деген үміт болуы тиіс.

Сатуға арналған ретінде жіктелгеннен кейін негізгі құралдар мен материалдық емес активтер амортизациялауға жатпайды.

Сатуға арналған деп жіктелген активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте айналым/қысқа мерзімді баптар ретінде бөлек ұсынылады.

Шығатын топ тоқтатылған қызмет ретінде жіктеу критерийлерін қанағаттандырады, егер ол шыққан не болмаса сатуға арналған деп жіктелген құзырлы ұйым болып табылса және:

- Қызметтің бөлек елеулі бағытын немесе операцияны жүргізудің географиялық өңірін білдіреді;
- Қызметтің бөлек елеулі бағытын немесе операцияны жүргізудің географиялық өңірін шығарудың бірыңғай үйлестірілген жоспарының бір бөлігі болып табылады; не болмаса
- Кейіннен қайта сату мақсатында ғана сатып алынған еншілес ұйым болып табылады.

Дивидендтер

Топ бөлінуі бекітілгенде және бұдан былай Топтың қарауында қалмағанда, дивидендтердің төленуіне қатысты міндеттемені мойындайды. Бөлуді акционерлер бекітеді. Тиісті сома тікелей меншікті капитал құрамында танылады. Өзінің меншік иелерінің пайдасына дивидендтер ретінде ақша қаражатынан өзге болатын активтерді (ақшалай емес активтер) бөлу кезінде ақшалай емес активтерді өзінің меншік иелерінің пайдасына дивиденд ретінде бөлу міндеттемесі бөлінетін активтердің әділ құны бойынша бағаланады.

Жалдау

Шарттың жасалу сәтіне Топ жалдау келісімі жалдау болып табылатындығын не болмаса белгілерін қамтитындығын бағалайды. Өзгеше айтқанда, Топ шарт сәйкестендірілген активті белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде өтемақының орнына пайдаланылуын бақылау құқығын беретіндігін айқындайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Жалдау (жалғасы)

Топ жалға алушы ретінде

Топ, қысқа мерзімді жалдауды және төмен құны бар активтерді жалдауды қоспағанда, барлық жалдау шарттарын мойындауға және бағалауға бірыңғай тәсілді қолданады. Топ жалдау төлемдерінің жасалуына қатысты жалдау міндеттемелерін және пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды, олар базалық активтерді пайдалану құқығын білдіреді.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Топ жалдаудың басталу күніне (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күнге) пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзете отырып жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құнына жалдау бойынша мойындалған міндеттемелердің көлемі, болған бастапқы тікелей шығындар және жалдаудың басталу күніне немесе жалдау бойынша алынған ынталандырушы төлемдерді шегере отырып жасалған жалдау төлемдері жатады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер келесі кезеңдердің барынша қысқасы бойына желілік әдіспен амортизацияланады: жалдау мерзімі немесе активтердің пайдалы қызмет етуінің болжамды мерзімі. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер негізгі құралдардың құрамында танылады және қаржылық жағдай туралы есепте бөлек көрсетілмейді.

Жалдау бойынша міндеттемелер

Жалдаудың басталу күніне Топ жалдау мерзімінің ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау міндеттемелерін мойындайды. Жалдау төлемдеріне алынуға жататын жалдау бойынша кез келген ынталандыратын төлемдерді, индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болатын құбылмалы жалдау төлемдерін және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленетін сомаларды шегере отырып белгіленген төлемдер (оның ішінде іс мәні бойынша белгіленген төлемдер) жатады. Жалдау төлемдеріне, егер Топтың бұл опционды орындайтындығына жеткілікті сенімділік болса, сатып алу опционын орындау бағасы және егер жалдау мерзімі Топтың жалдауды тоқтату опционын әлеуетті орындауын көрсететін болса, жалдауды тоқтату үшін айыппұлдарды төлеу жатады.

Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болмайтын құбылмалы жалдау төлемдері мұндай төлемдердің жүзеге асырылуына әкеп соқтыратын оқиға немесе талап орын алатын кезеңде шығыстар ретінде (олар қорларды өндіру үшін болған жағдайлардан басқа) танылады.

Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Топ жалдаудың басталу күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады, өйткені жалдау шартында көзделген пайыздық мөлшерлеме оңай айқындала алмайды. Жалдаудың басталу күнінен кейін жалдау бойынша міндеттемелер көлемі пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады. Сонымен қатар, Топ түрлендірілген, жалдау мерзімі өзгерген, жалдау төлемдері өзгерген (мысалға, мұндай төлемдерді айқындау үшін пайдаланылатын индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруімен негізделген келешек төлемдердің өзгеруі) немесе базалық активті сатып алуға арналған опционды бағалау өзгерген жағдайда жалдау міндеттемелерінің баланстық құнын қайта бағалайды.

Қысқа мерзімді жалдау және төмен құны бар активтерді жалдау

Топ техника мен құрал-жабдықты қысқа мерзімді жалдауға қатысты мойындаудан босатуды өзінің қысқа мерзімді жалдау шарттарына (яғни жалдаудың басталу күніне жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын мерзімді құрайтын және сатып алу опционын қамтымайтын шарттарға) қолданады. Топ сондай-ақ төмен құны бар активтерді жалдауға қатысты мойындаудан босатуды қолданады. Қысқа мерзімді жалдау мен төмен құны бар активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімінің бойына желілік әдіспен шығыстар ретінде танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Жалдау (жалғасы)

Топ жалға беруші ретінде

Сол бойынша Топтың активті иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер және пайда іс жүзінде қалатын жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Туындайтын жалдау кірісі жалдау мерзімінің бойына тікжелілік әдіспен ескеріледі және өзінің операциялық сипатына орай жиынтық кіріс туралы есепте түсімге қосылады. Операциялық жалдау шартын жасау кезінде болатын бастапқы тікелей шығындар жалға берілген активтің баланстық құнына қосылады және жалдау кірісі сияқты дәл сондай негізде жалдау мерзімінің ішінде мойындалады. Шартты жалдау акысы олар алынған кезеңде түсімнің құрамында мойындалады.

Салықтар

Ағымдағы пайда салығы

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы пайда салығы бойынша активтер мен міндеттемелер өтелуге немесе салық органдары төлеуге жататын сома бойынша бағаланады. Сомаларды есептеу үшін пайдаланылатын салық салынатын мөлшерлеме мен салық заңнамасы - есепті күнге қолданысқа енген немесе нақты заңдастырылған салық мөлшерлемесі және салық заңнамасы.

Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы табыс салығы жиынтық кіріс туралы есепте емес, капиталдың құрамында мойындалады. Басшылық соған қатысты тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін салық декларацияларында көрсетілген позицияларды мерзімді етіп бағалайды және қажетіне қарай бағалау міндеттемелерін құрады.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті күнге қаржылық есептілік максаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша танылады:

- Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі бизнестерді біріктіру болып табылмайтын операцияның барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе зиянға ықпал етпейді;
- Еншілес ұйымдарға, қауымдасқан ұйымдарға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестерімен байланысты салық салынатын уақытша айырмаларға қатысты егер уақыт айырмасын қалпына келтіру мерзімін бақылау мүмкін болса уақытша айырмасы жақын болашақта қалпына келтірілмейді деген айтарлықтай ықтималдылық болса, уақытша айырмалар мойындалмайды.

Кейінге қалдырылған салық активтері, мына жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, келешек кезеңдерге ауыстырылатын пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда болады деген едәуір ықтималдылық болатын шамада барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, келешек кезеңдерге ауыстырылған пайдаланылмаған салық жеңілдіктерін және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша танылады:

- Шегерілетін уақыт айырмасына жататын кейінге қалдырылған салық активі бизнестерді біріктіру салдарынан тумаған болса және ол операцияны жасау кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе зиянға да әсер етпейтін активті немесе міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде туындаса;
- Еншілес ұйымдарға, қауымдасқан ұйымдарға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпкерлікке қатысу үлестерімен байланысты есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты кейінге қалдырылған салық активтері уақыт айырмалары келешекте қалпына келтіріледі және соған қарсы уақыт айырмалары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда орын алады деген ықтималдылық бар дәрежеде ғана мойындалады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Салыктар (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта каралып, кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын пайданы алу ықтималдылығы шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта каралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін өтеуге мүмкіндік береді деген ықтималдық туындаған дәрежеде ғана мойындалады. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын немесе іс жүзінде қабылданған салық мөлшерлемелеріне (және салық заңнамасына) сүйене отырып активті өткізу немесе міндеттемені өтеу кезеңінде қолданылады деп күтілетін салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады. Пайда немесе зиян құрамында мойындалмаған баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық пайда немесе зиян құрамында да мойындалмайды. Мерзімі ұзартылған салыктар баптары олардың негізіндегі операцияларға сәйкес не болмаса БЖК құрамында немесе тікелей меншікті капиталда мойындалады.

Бизнестерді біріктіру шеңберінде болған, бірақ осы күнге бөлек мойындауға арналған критерийлерді қанағаттандырмайтын салықтық пайда кейіннен, фактілер мен жағдайлардың өзгеруі туралы жаңа ақпарат пайда болған жағдайда танылады. Түзету гудвилдің азаюы ретінде көрсетіледі (егер оның көлемі гудвилдің мөлшерінен аспаса), егер ол бағалау кезеңінің ішінде жүзеге асырылса, өзге жағдайларда ол пайданың немесе зиянның құрамында танылады.

Топ кейінге қалдырылған салық активтерін және кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін, егер оның ағымдағы салық активтерін ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алуға арналған заңмен қорғалған құқығы болған және кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері бір салық органы белгілі бір ұйымнан өндіріп алатын пайда салығына жатқан жағдайда, соның операцияларына салық салынса не болмаса түрлі ұйымдардан, операцияларына салық салынса, әрі олар ағымдағы салық міндеттемелері мен активтері бойынша нетто-негізде есеп айырысуларды жасағысы келсе не болмаса жүзеге асырса, не болмаса бұл активтерді өткізгісі және бұл міндеттемелерді кейінге қалдырылған міндеттемелердің немесе активтердің едәуір сомасының өтелуі немесе орны толтырылуы күтілетін әрбір келешек кезеңдерде бір мезгілде өтелген жағдайда, өзара есепке алады.

Қосылған құн салығы (ҚҚС)

Сатуға қатысты ҚҚС салық органдарына сатып алушыларға тауарлар жеткізілген немесе қызметтер көрсетілген кезде төленуге тиіс. Төленген ҚҚС әдетте ҚҚС бойынша шот-фактура алынғаннан кейін алынған ҚҚС есебінен өтеледі. Салық органдары нетто негізде сату мен сатып алу бойынша ҚҚС есепке алуға мүмкіндік береді. Сатуға және сатып алуға жататын ҚҚС қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте нетто негізінде мойындалады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Мұндай белгілер болғанда немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тестілеуді орындау қажет болса, Топ активтің өтелетін құнын бағалайды. Активтің немесе акша ағындарын жасайтын бірліктің өтелетін құны - бұл келесі көлемдердің ең үлкені: есептен шығару шығындарын шегере отырып активтің (акша ағындарын жасайтын бірліктің) әділ құны немесе активті (акша ағындарын жасайтын бірлікті) пайдалану құндылығы.

Өтелетін сома негізінен жеке актив басқа активтер немесе активтердің топтары тудыратын ағындардан тәуелсіз акша ағындарын тудырмайтын жағдайларды қоспағанда, актив үшін анықталады. Егер активтің немесе акша қаражатын генерациялайтын бірліктердің баланстық құны оның өтелетін сомасынан асып кетсе, актив құнсызданған болып есептеледі және өтелетін сомаға дейін есептен шығарылады.

Пайдаланудан болатын құндылықты бағалау кезінде болашақтағы акша ағындары келтірілген құнға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша активке тән акша мен тәуекелдердің уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейін дисконтталады. Сатуға арналған шығындарды шегергенде әділ құнын анықтау кезінде жуық арадағы нарықтық операциялар ескеріледі. Олар болмаған ретте бағалаудың тиісті үлгісі қолданылады. Мұндай есептеулер бағалау коэффициенттерімен, акциялар нарығында еркін айналыста болатын баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы (жалғасы)

Топ жекелеген активтер жататын әрбір ақша қаражатын тудыратын бірлік үшін бөлек әзірленетін өзекті жоспарларға және болжамды есептеулерге сүйене отырып құнсыздану сомасын айқындайды. Осы жоспарлар мен болжамды есептеулер әдетте бес жылды құрайды. Ұзақ мерзімді өсу қарқыны бесінші жылдан кейінгі болжамды болашақ ақша ағындарына есептеледі және қолданылады.

Жалғасып отырған қызмет бойынша құнсызданудан болған зияндар қайта бағалау БЖК құрамында танылған бұрынғы қайта бағаланған жылжымайтын мүлік объектілерін қоспағанда, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Мұндай жылжымайтын мүлік объектілері болған жағдайда құнсыздану залалы БЖК-де бұрын жасалған қайта бағалау сомаларының шегінде танылады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)

Топ әрбір есепті күнге, гудвилді қоспағанда, активтің бұрын мойындалған құнсыздану шығындарының жоқ немесе қысқарған екендігінің белгілері бар-жоғын айқындайды. Егер ондай белгі бар болып шыкса, Топ активтің немесе ақша қаражатын тудыратын бірліктің өтелетін сомасын есептейді. Құнсызданудан болатын бұрын танылған шығындар, егер құнсызданудан болатын шығынды соңғы рет таныған уақыттан бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған жол берілімде өзгеріс орын алған жағдайда ғана қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін сомасынан асып кетпеуімен, сондай-ақ амортизацияны шегеріп тастағанда баланстық құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған залал деп танылмаған жағдайда, баланстық құны бойынша танылуы мүмкін. Құнның мұндай қалпына келтірілуі, актив қайта бағаланған құн бойынша ескерілетін жағдайларды қоспағанда, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады. Соңғы жағдайда құнның қалпына келтірілуі қайта бағалаудан болған құнның өсімі ретінде ескеріледі.

Қаржы активтері

Бастапқы тану және бағалау

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, БЖК арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі шартта көзделген қаржы активі мен Топ бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ қаржы активтерін бастапқыда мәміле бойынша шығындар сомасына пайда немесе зиян арқылы ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес айқындалған мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

Қаржы активін амортизацияланған құны бойынша немесе БЖК арқылы әділ құны бойынша жіктеу және бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана» болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздеуі қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады.

Топ қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын әкелу мақсатында Топ өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындайды.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта («стандартты талаптарда» жасалатын сауда-саттық) қабылданған қағидамен белгіленген мерзімде активтерді жеткізуді талап етуші қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық операциялар ол жасалған күнге, яғни Топ активті сатып алуға немесе сатуға өзіне міндеттеме қабылдаған күнге танылады.

Топтың қаржы активтеріне, ақша қаражаты мен оның баламалары, пайдалануда шектелген ақша қаражаты, сауда және басқа да дебиторлық берешек жатады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Кейіннен бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері төрт санатқа жіктеледі:

- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- Жинақталған пайда мен зиянды кейіннен қайта жіктей отырып БЖК арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- Мойындау тоқтаған кезде жинақталған пайда мен зиянды кейіннен қайта жіктеместен БЖК арқылы әділ құны бойынша бағаланатын, ұйымның қарауына қарай жіктелген қаржы активтері (үлестік құралдар);
- Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

Әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санаты Топ үшін барынша орынды болып табылады, тиісінше ол Топтың барлық ағымдағы қаржы активтеріне қолданылады.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)

Бұл санат Топ үшін барынша орынды болып табылады. Топ қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:

- Қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген акша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады; және
- Қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын акша ағындарын алуды негіздейді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе зиян активтің мойындалуы тоқтаған, ол түрлендірілген немесе құнсызданған жағдайда пайданың немесе зиянның құрамында танылады.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Топ сауда дебиторлық берешекті жатқызады.

Сауда және басқа да дебиторлық берешек

Сауда және басқа да дебиторлық берешек белсенді нарықта жүрмейтін белгіленген немесе айқындалатын төлемдері бар туынды емес қаржы активтерін білдіреді. Бастапқыда мойындалғаннан кейін осы сияқты қаржы активтері тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып айқындалған амортизацияланған құны бойынша бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану негізінде амортизация жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық кірістің құрамына енгізіледі. Құнсызданумен негізделген шығыстар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жалпы және әкімшілік шығыстар құрамында мойындалады.

Тануды тоқтату

Қаржы активі (немесе, қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігі немесе дәл сондай қаржы активтері тобының бір бөлігі) қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылуы доғарады, егер:

- Активтен акша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса; не болмаса
- Топ активтен акша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін акша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірісінз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Тануды тоқтату (жалғасы)

Егер Топ активтен ақша ағындарын алуға өзінің барлық құқықтарын берсе не болмаса транзит келісімін жасаса және бұл ретте активтен болған барлық тәуекелдер мен пайданы бермесе, бірақ оны өзінде сақтамаса, сондай-ақ жаңа активке бақылау бермесе, жаңа актив Топ берілген активте өзінің қатысуын жалғастыратын дәрежеде мойындалады; Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық пен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген активке кепілдік нысанындағы жалғасқан қатысу активтің бастапқы теңгерімдік құны немесе Топтан талап етілуі мүмкін төлемнің ең жоғары сомасы өлшемдердің ең кішісі бойынша танылады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Топ пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық құралдарға қатысты күтілетін кредиттік зияндарды (ККЗ) бағалау резервін мойындайды. ККЗ шартқа сәйкес тиесілі болатын ақша ағындары мен Топ бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен алынған мәнін пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырманың негізінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын кредит сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

ККЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық күтілетін кредиттік зияндар) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін кредиттік зиянға қатысты залалға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік зияндар) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін кредиттік зияндарға қатысты залалға бағалау резерві құрылады.

Сауда және басқа да дебиторлық берешекке және шарт бойынша активтерге қатысты Топ ККЗ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Топ кредиттік тәуекелдің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік зиянға тең сомалар залалға бағалау резервін мойындайды. Топ қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген кредиттік зияндардың пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Ақша қаражаты және қысқа мерзімді депозиттер

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттерге банктер мен кассадағы ақшалай қаражат және өтеу мерзімі 3 ай немесе одан аз болатын, белгілі бір ақша қаражатының сомаларына оңай айырбасталатын және құнның өзгеруіне елеусіз тәуекелге ұшырайтын қысқа мерзімді өтімділігі жоғары депозиттер жатады.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептің максаттары үшін ақша қаражаты мен оның баламалары жоғарыдағы анықтамаға сай ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттерден тұрады, өйткені олар Топтың ақша қаражатын басқару қызметінің ажырамас бөлігі болып есептеледі. Есепті күннен кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде пайдалануда шектелген қалдықтар айналымнан тыс активтердің құрамында бөлек баппен бөлініп көрсетілген.

Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

9 ХҚЕС (IFRS) қолданылу аясындағы қаржылық міндеттемелер пайда немесе зиян; кредиттер мен қарыздар, кредиторлық берешек немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі. Топ өзінің қаржылық активтерін оларды бастапқы мойындау кезінде жіктейді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)

Бастапқы тану және бағалау (жалғасы)

Барлық қаржылық міндеттемелер бастапқыда оларға мәміле бойынша тікелей байланысты шығындар шегеріліп (кредиттер, қарыздар мен кредиторлық берешек болған жағдайда) әділ құны бойынша танылады.

Топтың қаржылық міндеттемелері сауда және басқа да кредиторлық берешекті және жалдау бойынша міндеттемелерді қамтиды.

Кейіннен бағалау

Қаржылық міндеттемелерді одан кейінгі бағалау олардың жіктелуіне былайша тәуелді болады:

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер

«Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер» санатына саудаға арналған қаржылық міндеттемелер және бастапқыда мойындалған кезде пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын деп айқындалған қаржылық міндеттемелер жатады.

Саудаға арналған міндеттемелер бойынша пайда немесе зиян жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Бастапқы тану кезінде пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын деп айқындалған қаржылық міндеттемелер бастапқы тану күніне осы санатқа және тек 9 ХҚЕС-тің (IFRS) критерийлерін сақтай отырып жатқызылады. Топтың пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын оның қарауы бойынша жіктелген қаржылық міндеттемелері жоқ.

Кредиттер мен қарыздар

Бастапқыда танылғаннан кейін пайыздық кредиттер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша пайда мен зиян, оларды тануды тоқтатқанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы амортизацияның есептелуіне қарай жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығыстар құрамына енгізіледі.

Тануды тоқтату

Егер міндеттеме өтелсе, жойылса немесе оның қолданылу мерзімі өтіп кетсе, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі қаржылық міндеттеменің мойындалуы тоқтатылады.

Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың ағымдағы құндағы айырмасы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Қаржылық құралдардың өзара есепке алынуы

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте тек таза сальдоны ғана көрсете отырып қаржы активтері мен міндеттемелердің өзара есепке алынуы тек мына жағдайларда ғана жүзеге асырылады, егер:

- Заңды түрде бекітілген өзара есеп жүргізу құқығы болса; және
- Таза сома негізінде өтеу немесе міндеттемелерді реттеумен бір мезгілде активті сату нәтижесі болса.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржы құралдарының әділ құны

Әрбір есепті күнге белсенді нарықтарда саудалануы жүзеге асырылып отырған қаржы құралдарының әділ құны мәміле бойынша шығасылар шегерілмей нарықтық баға белгілеулерге немесе дилерлердің баға белгілеулеріне сүйене отырып (ұзақ позицияларды сатып алуға арналған баға белгілеу және қысқа позицияларды сатуға арналған баға белгілеу) анықталады.

Олармен сауда белсенді нарықта жүзеге асырылмайтын қаржы құралдары үшін әділ құн тиісті бағалау әдістемелерін қолдану жолымен анықталады. Мұндай әдістемелерге таяу арада коммерциялық негізде жасалған мәмілелердің бағаларын пайдалану, сол сияқты құралдардың ағымдағы әділ құнын пайдалану; дисконтталған акша ағындарын талдау не болмаса басқа да бағалау модельдері кіруі мүмкін.

Әділ құны бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікте бағаланатын немесе шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде әділ құн төменде сипатталған иерархиясының шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей - бірдей активтерге немесе міндеттемелерге арналған белсенді нарықтардағы баға белгілеулері (түзетілмеген);
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері;
- 3-деңгей - иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құнын бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікте қайталанатын негізде қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер болған жағдайда, Топ оларды әрбір есепті кезеңнің соңына жіктеуді қайталап талдай отырып (жалпы әділ құны бойынша бағалау үшін едәуір болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде) иерархияның деңгейлері арасында аудару қажеттілігін айқындайды.

Резервтер

Егер Топтың өткен оқиға нәтижесінде пайда болған ағымдағы міндеттемесі, осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайдадан айрылу ықтимал болса және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағасын алу мүмкін болса, резервтер танылады. Егер Топ резервтердің кейбір бөлігінің немесе барлығының өтемақысын алуды болжаса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу жекелеген актив ретінде тек өтемақының алынуы күмән келтірмеген жағдайда ғана мойындалады.

Егер ақшаның уақытша құны ықпалы айтарлықтай болса, резервтер салық салынғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады, әрі ол бұл қолданылған кезде нақты міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсетеді.

Егер дисконттау қолданылса, резервтің ұлғаюы уақыт өтісімен қаржылық шығыс ретінде мойындалады.

Кірістер мен шығыстарды тану

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім

Топ қызметі жүктерді тасымалдау қызметтерін, сервистік флот қызметтерін, сондай-ақ тасымалдауды басқару қызметтерін көрсетумен байланысты. Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім Топ экономикалық пайданы ала алатындығының және кіріс сомасы төлемнің жасалу уақытына карамастан шынайы түрде бағалана алатындығының ықтималдылығы болатын дәрежеде танылады. Пайда шартта анықталған төлем ережелері ескеріліп және салықтар немесе баждар шегеріліп, алынған немесе алуға жататын сыйақылардың әділ бағасы бойынша бағаланады. Топ пайда алуды көздейтін өзі жасаған шарттарды өзі принципал ма әлде агент пе дегенді анықтау мақсатында белгілі бір өлшемдерге сәйкес талдайды. Топ ол барлық мұндай шарттар бойынша принципал ретінде болады деген тұжырымға келді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Кірістер мен шығыстарды тану (жалғасы)

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім (жалғасы)

Топ жүктерді тасымалдау қызметтерін, сервистік флот және тасымалдауды басқару қызметтерін көрсетеді, олар не бөлек көрсетіледі, не болмаса кешенді шартқа қосылады. Топ шарт бойынша көрсетілуі тиіс қызметтердің жалпы көлемінде нақты көрсетілген қызметтердің үлесіне тепе-тең етіп бағаланатын нақты операцияның аяқталу дәрежесіне сүйене отырып бұл қызметтерге қатысты түсімді мойындайды, өйткені сатып алушы Топ ұсынатын пайданы бір мезгілде алып, тұтынады.

Топ мәміле бойынша барлық тараптар қабылдаған және келісіп алған жүктің көлемі мен Топ пен кеме жалдаушылар арасында жасалған шарттарда белгіленген тиянақталған тарифтерге сүйене отырып, шикі мұнайды тасымалдау қызметтерін көрсетуден және тасымалдау бойынша қызметтердің көрсетілу фактісі бойынша тауарлардан түскен түсімді мойындайды.

Сатып алушылармен жасалған шарттардағы жалдау элементі

Топ өзінің заңгерлік тұрғысынан жалдау шарты болып табылмайтын бір немесе бірнеше өзара байланысты операциялар кіретін келісімді жасай алады, бірақ активті пайдалану құқығын төлемге немесе төлемдердің бірқатарына айырбас ретінде береді. Топ активті осылайша пайдалану құқығын тиісті қызметтермен бірге басқа ұйымға бере алады.

Топ жалдау элементіне жататын және келісімнің басқа элементтеріне жататын төлемдерді барлық элементтердің салыстырмалы әділ құнына сүйене отырып бөледі.

Қаржыландырудың айтарлықтай компоненті

Әдетте, Топ сатып алушылардан қысқа мерзімді аванстық төлемдерді алады. 15 ХҚЕС-те (IFRS) көзделген практикалық сипаттағы жеңілдікті пайдалану нәтижесінде Топ сатып алушыға уәде етілген тауарларды немесе қызметтерді беру мен сатып алушының мұндай тауардың немесе қызметтердің ақысын төлеу арасындағы кезең бір жылдан аспайды деп күтіп отырса, шарттарда қаржыландырудың едәуір құрамдасының ықпалын ескере отырып өтемақының уәде етілген сомасын түзетпейді.

Сондай-ақ Топ тасымалдауды басқару қызметтері көрсетілген жағдайда сатып алушылардан ұзақ мерзімді аванстық төлемдерді алды. Қаржыландырудың едәуір құрамдасын көрсету үшін мұндай шарттар бойынша мәміле бағасы шарттың жасалу сәтіне Топ пен оның сатып алушылары арасында қаржыландырудың бөлек операциясы үшін қолданылатын мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталады.

Сауда дебиторлық берешек

Сауда дебиторлық берешек Топтың шартсыз болып табылатын өтемақыға құқықты береді (яғни мұндай өтемақы төленуге жататын сәттің орын алуы тек уақыт өтуімен ғана негізделген).

Шарт бойынша активтер

Шарт бойынша актив ұйымның сатып алушыға берілген тауарларға немесе қызметтерге айырбас ретінде өтемақыны алуға арналған құқығы болып табылады. Егер Топ тауарларды немесе қызметтерді сатып алушыға ол өтемақыны төлегенге дейін немесе өтемақы төленуге жататын болған сәтке дейін беретін болса, шартты болып табылатын алынған өтемақыға қатысты шарт бойынша актив танылады.

Шарт бойынша міндеттемелер

Шарт бойынша міндеттеме – бұл сатып алушыға тауарларды немесе қызметтерді беру міндеті, әрі солар үшін Топ сатып алушыдан өтемақыны алды (не болмаса сол үшін өтемақы төленуі тиіс). Егер сатып алушы өтемақыны Топ тауарды немесе қызметті сатып алушыға бермес бұрын төлейтін болса, төлем жасалған сәтте немесе төлем төленуге тиісті болатын сәтте (қайсысының бұрын басталуына қарай) шарт бойынша міндеттеме танылады. Шарт бойынша міндеттемелер Топ шарт бойынша өз міндеттерін орындағанда түсім ретінде танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Кірістер мен шығыстарды тану (жалғасы)

Шығыстар

Шығыстар тиісті тауарларды немесе қызметтерді нақты алу сәтіне, олардың қашан төленгеніне қарамастан ескеріледі және шоғырландырылған қаржылық есептілікте олар жататын кезеңде көрсетіледі.

Қарыздар бойынша шығындар

Топтың ниетіне сәйкес пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін ұзақ уақыт кезеңін міндетті түрде талап ететін активті сатып алуға, салуға немесе өндіруге тікелей қатысы бар қарыз алулар бойынша шығындар мұндай активтің бастапқы құнының бір бөлігі ретінде капиталданады. Қарыз алулар бойынша барлық өзге шығындар келтірілген кезеңдегі шығындарға жатқызылады. Қарыз алулар бойынша шығындарға пайыздардың төленуі және ұйым қарызға алынған қаражатпен байланысты шеккен басқа да шығындар жатады.

Активтер мен міндеттемелерді айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді етіп жіктеу

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте Топ активтер мен міндеттемелерді олардың айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді етіп жіктелуінің негізінде ұсынады.

Актив мына жағдайда айналымдағы болып табылады, егер:

- Оны сату болжанса немесе ол әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде сатуға немесе тұтынуға арналса;
- Ол ең бастысы сауда жасау мақсаттары үшін ұсталса;
- Оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың шегінде өткізу болжанса; немесе
- Есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде қолданылатын міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айырбастауға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол акша қаражатын немесе акша қаражатының баламаларын білдіреді.

Барлық басқа активтер айналымнан тыс ретінде жіктеледі.

Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- Оны әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде реттеу болжанса;
- Ол көбінесе сауда жасау мақсаттары үшін ұсталса;
- Ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде реттелуі тиіс болса; немесе
- Ұйымның есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде міндеттемелердің реттелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болмаса.

Топ барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Кейінгі қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер айналымнан тыс активтер/ұзақ мерзімді міндеттемелер ретінде жіктеледі.

4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін әзірлеу оның басшылығынан пікір білдіруін, есепте көрсетілетін кіріс сомаларына, шығыстарға, активтер мен міндеттемелерге, сондай-ақ мұндай баптар туралы және шартты міндеттемелер туралы акпараттың ашылып көрсетілуіне ықпал ететін бағалау мен жорамалдарды айқындауды талап етеді. Осы жорамалдар мен бағалауға қатысты белгісіздік мұндай жорамалдар мен бағалаулар қабылданатын активтердің немесе міндеттемелердің ағымдағы құнына қатысты келешекте едәуір түзетулер жасауды қажет етуі мүмкін нәтижелерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Топтың есеп саясатын қолдану процесінде басшылық шоғырландырылған қаржылық есептілікте мойындалған сомаларға едәуір ықпал ететін келесі пайымдауларды пайдаланды:

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

Негізгі құралдарды тиімді пайдалану мерзімдері

Топ ұқсас активтерге қатысты өз тәжірибесінің негізінде кәсіпқой пайымдауды қолдана отырып негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімдерін бағалайды. Мұндай активтермен байланысты келешек экономикалық пайда, негізінен, оларды пайдаланудың нәтижесінде алынады. Дегенмен, техникалық немесе коммерциялық ескіру, сондай-ақ құрал-жабдықтың тозуы сияқты басқа да факторлар мұндай активтермен байланысты экономикалық пайданың азаюына жиі әкеп соқтырады. Басшылық активтердің ағымдағы техникалық жай-күйіне сүйене отырып және соның ішінде бұл активтер Топқа экономикалық пайда әкелетін есепті кезеңді ескере отырып негізгі құралдардың пайдалы қызмет етуінің қалған мерзімін бағалайды. Бұл ретте назарға келесі негізгі факторлар алынады: (а) активтерді пайдаланудың күтілетін мерзімі; (б) пайдалану сипаттамалары мен техникалық қызмет көрсетудің регламентіне тәуелді болатын активтердің күтілетін физикалық тозуы; және (в) нарықтық жағдайлардың өзгеруінің нәтижесінде технологиялық және коммерциялық тұрғыдан активтердің моральды тозуы.

Айналымнан тыс активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге активтердің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер мұндай белгілер болса, сондай-ақ жағдайлар оның баланстық құны құнсыздануы мүмкін екендігіне көрсеткен жағдайларда, Топ активтің өтелетін сомасын бағалайды. Құнсыздану индикаторларын талдау кезінде Топ, басқа факторлармен қатар, мұнай мен жүктерді тасымалдау, Каспий, Жерорта және Қара теңіздерде теңіз сүйреткіштері мен баржаларды жалдау сұранысын назарға алады.

Басшылық 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың негізгі құралдарының (көлік құралдары – теңіз кемелері, үйлер) және инвестициялық жылжымайтын мүлігінің құнсыздану мәніне тестілеу жүргізді.

Топ активтердің құнсыздануына тест жүргізді, солар бойынша әлеуетті құнсыздану индикаторлары анықталды. Топ бұл активтерді ақша қаражатын жасайтын келесі бірліктерге бөлді:

- Негізгі құралдар – «Барыс» контейнер тасушы;
- Негізгі құралдар – «Бекет-Ата» және «Түркістан» құрғақ жүк таситын кемелер.

«Барыс» контейнер тасушы

«Транскаспий халықаралық көлік бағыты» ЗТБ Халықаралық ұйымымен ынтымақтастық шеңберінде ТШО Келешек Кеңейту Жобасы (ККЖ) бойынша келісімшарт аяқталғаннан кейін 2020 жылы «Барыс» кемесін контейнер тасушы етіп қайта жабдықтау басталды, ол 2021 жылғы наурыздан бастап жұмыс істеп келеді. Кеме «Ақтау – Баку – Ақтау» фидер желісінде пайдаланылады. Топ 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдалану құндылығын айқындау (value in use) арқылы «Барыс» кемесінің құнсыздануына тестілеу өткізді.

Өтелетін құн Топтың қаржы жоспарларына негізделген болжамды ақша ағындарының негізінде активтерді пайдалану құндылығын есептеу арқылы айқындалды. Болжамды ақша ағындары 2033 жылға дейін кеменің пайдалы қызмет ету мерзіміне айқындалған. Болжамды ақша ағындары контейнерлік тасымалдау тұрақтылығын көрсету үшін есептелген. Болжамды ақша ағындарына қолданылатын дисконттау мөлшерлемесі АҚШ долларындағы ақша ағындарын дисконттау үшін 13,0% болды. Болжамды кезеңдегі ақша ағындары инфляцияға бағалардың күтілетін өзгеруін ескере отырып көрсетілді. Жүргізілген талдау нәтижесінде «Барыс» контейнер тасушы кемесінің өтелетін сомасы оның баланстық құнына сәйкес келеді. Контейнерлік тасымалдау көлемінің рұқсат етілген шекте 10%-ға азаюы 509.937 мың теңге сомасында құнсызданудан болатын шығынға әкеп соқтырады.

«Бекет Ата» және «Түркістан» құрғақ жүктерді таситын кемелер

Өтелетін құн Топтың қаржы жоспарларына негізделген болжамды ақша ағындарының негізінде активтерді пайдалану құндылығын есептеу арқылы айқындалды. Болжамды ақша ағындары 2033 жылға дейін кеменің пайдалы қызмет ету мерзіміне айқындалған. Болжамды ақша ағындары құрғақ жүктерді тасымалдау тұрақтылығын көрсету үшін есептелген. Болжамды ақша ағындарына қолданылатын дисконттау мөлшерлемесі АҚШ долларындағы ақша ағындарын дисконттау үшін 13,0% болды. Болжамды кезеңдегі ақша ағындары инфляцияға бағалардың күтілетін өзгеруін ескере отырып көрсетілді. Жасалған талдаудың нәтижесінде «Бекет-Ата» құрғақ жүк тасушының өтелетін сомасы 1.208.897 мың теңгеге оның баланстық құнынан төмен болды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

Айналымнан тыс активтердің құнсыздануы (жалғасы)

«Бекет Ата» және «Түркістан» құрғақ жүктерді таситын кемелер (жалғасы)

«Бекет-Ата» құрғақ жүк тасымалдаушысы бойынша жүктерді тасымалдау көлемін 10% мөлшерінде төмендету баланстық құнның өтелетіннен асып кетуіне және 101.807 мың теңге сомасындағы құнсызданудан қосымша шығынға әкеп соғады.

Өндірістік жоспарлардың болмауына орай Топ «Түркістан» кемесінің баланстық құнын 992.093 мың теңге сомаға толығымен құнсыздандырды.

Жалдау – қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін бағалау

Топ жалдау шартында белгіленген пайыздық мөлшерлемені оңайлықпен айқындай алмайды, өйткені ол жалдау міндеттемелерін бағалау үшін қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады. Қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесі – бұл сол бойынша Топ дәл сондай мерзімге және дәл сондай камтамасыз етумен дәл сондай экономикалық жағдайларда пайдалану құқығы нысанындағы активтің құнына ұқсас келетін құнымен активті алуға қажетті қарыз қаражатын тарта алатын пайыз мөлшерлемесі. Осылайша, қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесі Топ *«төлеуі тиіс»* пайызды көрсетеді және оның анықтамасы, егер қадағаланатын мөлшерлемелер жоқ болып шықса (мысалы, егер қаржыландыру операцияларына қатыспайтын еншілес ұйымдар болған жағдайда) не болмаса қадағаланатын мөлшерлемелерді жалдау талаптарын көрсету үшін түзету (мысалы, егер еншілес ұйыммен жасалған жалдау шартының валютасы оның функционалдық валютасынан өзге болса) қажет болып шықса, есепті бағалауларды пайдалануды қажет етеді. Топ байқалатын бастапқы деректерді (нарықтық пайыздық мөлшерлемелер сияқты) пайдалана отырып, қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін айқындайды және ұйымға тән белгілі бір есептік бағалауларды (мысалы, еншілес ұйымның жеке кредиттік рейтингісі) пайдаланады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

5. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін негізгі құралдардың қозғалысы келесі тәсілмен көрсетілген:

Мың теңгемен	Жер	Ғимараттар	Машиналар мен құрал-жабдықтар	Көлік құралдары	Басқасы	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
Бастапқы құн							
2023 жылғы 1 қаңтарға	2.362	1.126.423	1.253.292	108.863.614	291.223	231.310	111.768.224
Түсімдер	-	-	32.480	1.580.013	6.399	1.086.428	2.705.320
Шығулар	-	-	(1.042.621)	(6.279)	(8.714)	(60.910)	(1.118.524)
Аударымдар	-	-	-	1.256.828	-	(1.256.828)	-
Шетел валютасын қайта есептеу	-	-	-	(854.692)	(253)	-	(854.945)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	2.362	1.126.423	243.151	110.839.484	288.655	-	112.500.075
Түсімдер	-	-	112.754	2.385.870	62.170	563.353	3.124.147
Шығулар	-	(56)	-	(427.072)	(12.187)	-	(439.315)
Аударымдар	-	-	-	561.455	1.898	(563.353)	-
Шетел валютасын қайта есептеу	-	-	-	7.557.812	1.365	-	7.559.177
2024 жылғы 31 желтоқсанға	2.362	1.126.367	355.905	120.917.549	341.901	-	122.744.084
Амортизация және құнсыздану							
2023 жылғы 1 қаңтарға	-	(805.297)	(1.078.105)	(66.279.343)	(231.240)	(36.413)	(68.430.398)
Есептеулер	-	(8.427)	(23.815)	(3.698.754)	(17.533)	-	(3.748.529)
Шығулар	-	-	1.042.621	3.997	8.714	36.413	1.091.745
Құнсыздануды есептеу	-	-	-	(895.216)	-	-	(895.216)
Шетел валютасын қайта есептеу	-	-	-	384.064	184	-	384.248
2023 жылғы 31 желтоқсанға	-	(813.724)	(59.299)	(70.485.252)	(239.875)	-	(71.598.150)
Есептеулер	-	(8.641)	(32.695)	(4.464.308)	(18.418)	-	(4.524.062)
Шығулар	-	56	-	427.072	12.171	-	439.299
Құнсыздануды есептеу	-	-	-	(2.200.990)	-	-	(2.200.990)
Шетел валютасын қайта есептеу	-	-	-	(3.825.448)	(249)	-	(3.825.697)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	-	(822.309)	(91.994)	(80.548.926)	(246.371)	-	(81.709.600)
Қалдық құны							
2023 жылғы 31 желтоқсанға	2.362	312.699	183.852	40.354.232	48.780	-	40.901.925
2024 жылғы 31 желтоқсанға	2.362	304.058	263.911	40.368.623	95.530	-	41.034.484

Топ офистік ғимараттың бір бөлігін пайдаланады, оның 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық құны өз мұқтаждықтары үшін 258.111 мың теңге (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 265.620 мың теңге) болды.

Қалдық құны 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 443.472 мың теңге (2023 жыл: 455.842 мың теңге) болған ғимараттың бір бөлігін Топ байланысты тараптарға жалға береді. Ғимараттың бұл бөлігін Топ 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде жіктеді (7-ескертпе).

2024 жылы Топ негізгі құралдардың (теңіз кемелерінің) құнсыздануына тест жүргізді. Құнсыздану тестісінің нәтижесінде негізгі құралдар 2.200.990 мың теңгеге (2023 жылы: 895.216 мың теңгеге) құнсызданды (4-ескертпе).

2024 жылғы 31 желтоқсанға толығымен амортизацияланған, бірақ әлі де пайдалануда жүрген негізгі құралдардың құны 186.336 мың теңге (2023 жылғы 31 желтоқсан: 192.245 мың теңге) болды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

6. ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫ НЫСАНЫНДАҒЫ АКТИВТЕР

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін пайдалану құқығы нысанындағы активтердің қозғалысы былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	Жиыны
Бастапқы құн	
2023 жылғы 1 қаңтарға	-
Түсімдер	152.374
Шетел валютасын қайта есептеу	(96)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	152.278
Шетел валютасын қайта есептеу	23.634
2024 жылғы 31 желтоқсанға	175.912
Амортизация және құнсыздану	
2023 жылғы 1 қаңтарға	-
Есептеулер	(57.482)
Шетел валютасын қайта есептеу	207
2023 жылғы 31 желтоқсанға	(57.275)
Есептеулер	(78.375)
Шетел валютасын қайта есептеу	(18.207)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	(153.857)
Қалдық құны	
2023 жылғы 31 желтоқсанға	95.003
2024 жылғы 31 желтоқсанға	22.055

«Levy Asset Management Ltd» компаниясымен жасалған жалдау шарты бойынша 2023 жылғы 25 наурыздан бастап Kazmortransflot UK Ltd еншілес компаниясы пайдаланатын кеңсе үй-жайы пайдалану құқығы нысанында актив ретінде жіктеледі.

7. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін инвестициялық жылжымайтын мүліктің қозғалысы келесі тәсілмен көрсетілген:

Мың теңгемен	
Бастапқы құн	
2023 жылғы 1 қаңтарға	1.830.819
Аударымдар	3.961
2023 жылғы 31 желтоқсанға	1.834.780
2024 жылғы 31 желтоқсанға	1.834.780
Амортизация және құнсыздану	
2023 жылғы 1 қаңтарға	(1.362.392)
Тозуды есептеу	(12.585)
Аударымдар	(3.961)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	(1.378.938)
Тозуды есептеу	(12.370)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	(1.391.308)
Қалдық құны	
2023 жылғы 31 желтоқсанға	455.842
2024 жылғы 31 желтоқсанға	443.472

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

7. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК (жалғасы)

Топтың инвестициялық жылжымайтын мүлігі 2015 жылғы мамырда Қазақстан, Ақтау қаласында «Таймас» құрылыс компаниясы» ЖШС компаниясы салған офистік үйдің бір бөлігімен білдірілген.

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Инвестициялық жылжымайтын мүліктен болған кірістер	205.470	253.504
Жалдаудан кірісті алуға (өзіндік құнның құрамына қосылған) әкеп соқтырған тікелей операциялық шығыстар (жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуді қоса алғанда) (22-ескертпе)	(147.317)	(142.469)
Инвестициялық жылжымайтын мүліктен болған пайда	58.153	111.035

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құны шамамен олардың баланстық құнына тең болады.

Топқа оның қолындағы инвестициялық жылжымайтын мүлікті өткізуге қатысты ешқандай шектеулер салған жоқ. Сондай-ақ Топтың инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатып алу, салу немесе жетілдіру немесе абаттандыру бойынша шарттық міндеттемелері жоқ.

8. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін материалдық емес активтердің қозғалысы келесі тәсілмен көрсетілген:

Мың теңгемен	Бағдарламалық жасақтама	Басқасы	Жиыны
Бастапқы құн			
2023 жылғы 1 қаңтарға	438.424	155.268	593.692
Түсімдер	2.737	5.549	8.286
Шетел валютасын қайта есептеу	(1.102)	(2)	(1.104)
2023 жылғы 31 желтоқсанға	440.059	160.815	600.874
Түсімдер	9.069	1.157	10.226
Шығулар	(87.237)	(20.053)	(107.290)
Аударымдар	38.518	(38.518)	–
Шетел валютасын қайта есептеу	2.805	–	2.805
2024 жылғы 31 желтоқсанға	403.214	103.401	506.615
Амортизация			
2023 жылғы 1 қаңтарға	(411.362)	(119.647)	(531.009)
Есептеу	(8.140)	(7.637)	(15.777)
Шетел валютасын қайта есептеу	1.538	(471)	1.067
2023 жылғы 31 желтоқсанға	(417.964)	(127.755)	(545.719)
Есептеу	(7.749)	(6.801)	(14.550)
Есептен шығару	87.237	20.053	107.290
Аударымдар	(33.434)	33.434	–
Шетел валютасын қайта есептеу	(2.088)	–	(2.088)
2024 жылғы 31 желтоқсанға	(373.998)	(81.069)	(455.067)
Қалдық құны			
2023 жылғы 31 желтоқсанға	22.095	33.060	55.155
2024 жылғы 31 желтоқсанға	29.216	22.332	51.548

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

9. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2023 жылғы 13 ақпанда Топ «International Maritime Investments Ltd» компаниясымен бірлесіп «Астана» Халықаралық қаржы орталығының аумағында «Caspian Integrated Maritime Solutions Ltd» (бұдан әрі – CIMS) жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құрып, CIMS-тің жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 49%-ы үшін 7.071.767 мың теңге мөлшерінде ақша қаражатын инвестициялады. Құрылған компанияның негізгі қызметі теңіз және жағалаудағы жүк тасымалы болып табылады. Топ «International Maritime Investments Ltd» (CIMS-тің екінші қатысушысы) бірлесіп CIMS-ті бақылайды, өйткені маңызды қызметке қатысты барлық шешімдер бірлесіп қабылданады. Топтың CIMS-ға қатысуы үлестік қатысу әдісін пайдалана отырып шоғырландырылған қаржылық есептілікте ескеріледі.

Төменде бірлескен кәсіпорын туралы жалпылама қаржылық ақпарат көрсетілген, әрі ол ХҚЕС-ке сай қаржылық есептілікке негізделеді, сондай-ақ бұл ақпаратты шоғырландырылған қаржылық есептілікте инвестицияның баланстық құнымен салыстырып тексеру:

CIMS-тің қаржылық жағдай туралы жалпылама есебі:

Мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
Ақша қаражаты мен оның баламалары	884.619	153.843
Сауда және басқа да дебиторлық берешек	174.736	41.952
Қорлар	303.941	116.699
Негізгі құралдар	14.052.106	14.504.436
Басқа да қысқа мерзімді активтер	642.755	243.825
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	(164.677)	(456.957)
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	(160.277)	(39.388)
Кейінге қалдырылған салық активтері	(254.931)	(33.704)
Меншікті капитал	15.478.272	14.530.706
Топтың меншікті капиталдағы үлесі - 49%	7.584.353	7.120.046
Топ инвестицияларының баланстық құны	7.584.353	7.120.046

CIMS-тің пайда немесе зиян туралы жалпылама есебі:

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Түсім	5.244.936	262.019
Өзіндік құн	(3.124.589)	(429.150)
Әкімшілік шығыстар	(353.339)	(157.433)
Сату бойынша шығыстар	(731.534)	(57.829)
Қаржылық кірістер	8.349	70.024
Бағамдық айырма, нетто	81.811	444.602
Өткен жылғы түзету	43.159	–
Салық салынғанға дейінгі пайда	1.168.793	132.233
Пайда салығы бойынша шығыс	(221.227)	(33.704)
Кезеңдегі пайда	947.566	98.529
Топтың кезеңдегі пайдадағы үлесі	464.307	48.279

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

10. ПАЙДАЛАНЫЛУЫ ШЕКТЕУЛІ АҚША ҚАРАЖАТЫ

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 1.000 мың теңге сомадағы пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты Айналар әктас қарьерін қалпына келтіру бойынша тарату қорын білдіреді (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 1.000 мың теңге).

Мың теңгемен	Валюта	Шектеуді алу күні	Пайыздық мөлшер- леме	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
«Қазақстан Халық банкі» АҚ	Теңге	2029 жылғы қаңтар	12,75%	1.000	1.000
				1.000	1.000

11. ҚОРЛАР

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қорлар былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
Жағар май	1.038.481	1.265.888
Қосалқы бөлшектер	52.614	52.743
Басқа да материалдар	119.805	123.562
Қорлар бойынша резерв	(155.259)	(152.514)
	1.055.641	1.289.679

Қорлар бойынша резервтегі өзгерістер былайша берілген:

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
1 қаңтарға	152.514	164.922
Есептеу	15.089	2.783
Есептен шығару	(12.344)	(15.191)
31 желтоқсанға	155.259	152.514

12. САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда және басқа да дебиторлық берешек былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
Сауда дебиторлық берешек	11.249.549	11.478.563
Басқа да дебиторлық берешек	87	100
Минусы: күтілетін кредиттік зияндарды бағалау резерві	(1.529.223)	(1.764.148)
	9.720.413	9.714.515

Сауда дебиторлық берешек 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сай сатып алушылармен шарттар бойынша түсімді мойындау нәтижесінде пайда болды.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда және басқа да дебиторлық берешек мына валюталарда білдірілген:

Мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ доллары	8.625.488	9.209.207
Теңге	901.685	240.185
Рубль	—	133.717
Басқа да валютада	193.240	131.406
	9.720.413	9.714.515

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

12. САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК (жалғасы)

Дебиторлық берешекті өтеудің орташа мерзімі 30 күнді құрайды. 2024 және 2023 жылдарда төленбеген қалдықтар бойынша пайыздар есептелмеді.

Күтілетін кредиттік зияндарға бағалау резервіндегі өзгерістер былайша берілген:

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
1 қаңтарға күтілетін кредиттік зияндарды бағалау резерві	1.764.148	4.562.968
Бір жылға есептеу	584.779	315.126
Есептен шығару	(1.122.846)	(3.059.800)
Бағамдық айырма	303.142	(54.146)
31 желтоқсанға күтілетін кредиттік зияндарды бағалау резерві	1.529.223	1.764.148

Одан әрі сауда және басқа да дебиторлық берешектің мерзімдері бойынша талдау келтірілген:

	Ағымдағы	Кешіктірілген төлемдер				Жиыны
		31-60 күн	61-90 күн	91-120 күн	120 күннен артық	
2024 жылғы 31 желтоқсан						
Күтілетін кредиттік зияндар пайызы	0,06%	0,61%	0,87%	18,76%	59,00%	–
Дефолт кезінде есепті жалпы баланстық құн	7.522.422	480.206	554.042	179.179	2.513.787	11.249.636
Күтілетін кредиттік зияндар	4.801	2.948	4.804	33.607	1.483.063	1.529.223

	Ағымдағы	Кешіктірілген төлемдер				Жиыны
		31-60 күн	61-90 күн	91-120 күн	120 күннен артық	
2023 жылғы 31 желтоқсан						
Күтілетін кредиттік зияндар пайызы	0,23%	1,68%	2,13%	19,83%	78,19%	–
Дефолт кезінде есепті жалпы баланстық құн	7.830.720	916.638	490.471	55.001	2.185.833	11.478.663
Күтілетін кредиттік зияндар	18.195	15.407	10.455	10.909	1.709.182	1.764.148

13. БАСҚА ДА АЙНАЛЫМДАҒЫ АКТИВТЕР

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да айналымдағы активтер былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
Өтелуге жататын ҚҚС	2.118.345	896.037
Берілген аванстар	280.202	409.825
Келешек кезеңдердің шығыстары	133.075	141.703
Басқа да салықтар бойынша алдын ала төлем	89.197	66.135
Жұмыскерлердің берешегі	54.382	7.353
Минусы: құнсыздану резерві	–	(4.515)
	2.675.201	1.516.538

Басқа да айналымдағы активтер бойынша бағалау резервіндегі өзгерістер былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
1 қаңтарға басқа да айналымдағы активтер бойынша бағалау резерві	4.515	–
Есептен шығару	(4.515)	4.515
31 желтоқсанға басқа да айналымдағы активтер бойынша бағалау резерві	–	4.515

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

14. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен оның баламалары былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
Банкте АҚШ долларында ақша қаражаты	15.047.190	10.629.151
Банкте басқа шетел валютасында ақша қаражаты	708.585	125.660
Банкте теңгемен ақша қаражаты	558.973	23.357
Банкте еуроға ақша қаражаты	135.054	386.292
	16.449.802	11.164.460

Қысқа мерзімді депозиттер түрлі мерзімдерге Топтың ақша қаражатындағы мұқтаждығына қарай (бір күннен үш айға дейін) орналастырылады. Мұндай депозиттерге қысқа мерзімді депозиттер үшін тиісті мөлшерлемелер бойынша пайыздар есептеледі. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қысқа мерзімді депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі АҚШ долларында 3%-дан 4.62%-ға дейін, теңгемен 11%-дан 15.05%-ға дейін және фунт стерлингте 3.91%-дан 4.41%-ға дейін өзгерді (2023 жылы: АҚШ долларында 3%-дан 4.62%-ға дейін, теңгемен 10.69%-дан 15.55%, фунт стерлингпен орналастырылмаған).

2024 жылы ақша қаражаты мен оның баламаларына есептелген пайыздық кірістер 492.382 мың теңге (2023 жылы: 337.715 мың теңге) болды (25-ескертпе).

15. ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ

2023 жылғы және 2022 жылғы 31 желтоқсанға жарғылық капитал толығымен төленді және былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	Иелік ету үлесі, %	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
ҚМГ ҰК	100%	18.625.721	18.625.721
	100%	18.625.721	18.625.721

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ 7.360.000 мың теңге (2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін - 0 теңге) мөлшерінде дивидендтерді жариялап, Бас компанияға төледі.

2023 жылдың ішінде Топтың жарғылық капиталы 7.050.000 мың теңге сомаға ақша қаражатымен ұлғайды.

16. АЛЫНҒАН ҚАРЫЗДАР

2013 жылғы 13 қыркүйекте Топ ҚМГ ҰК-мен 4,46% тиімді пайыздық мөлшерлеменен 93.160 мың АҚШ доллары жалпы сомаға кредиттік келісімді жасады. Қарыз AFRAMAX типтес «Алтай» және «Алатау» екі мұнай таситын танкерді сатып алу үшін «АТФ Банк» АҚ-нан алынған қарызды қайта қаржыландыру үшін берілді. 2018 жылғы наурызда, Топ жаңа өтеу кестесін белгілейтін кредиттік келісімге қосымша келісімдер жасады. «Алтай» танкері үшін қарыздың негізгі борыш сомасын қайтару 2023 жылғы наурыз бен қыркүйекте 18.114 мың АҚШ доллары мөлшерінде екі бірдей төлеммен жүзеге асырылады, ал «Алатау» танкері үшін қарыздың негізгі борыш сомасын қайтару 2018 жылдың 25 қазанынан бастап 506 мың АҚШ доллары сомасында алты бірдей ай сайынғы төлемдермен жүзеге асырылады.

Қарыз талаптары бойынша қарыз бойынша сыйақы ай сайынғы негізде төленеді. 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін бұл қарыз бойынша қаржылық шығыстар 0 мың теңге (2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 171.079 мың теңге) болды (25-ескертпе).

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша алынған қарыздар толығымен өтелді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

16. АЛЫНҒАН ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық қызметпен негізделген міндеттемелердегі өзгерістерге мыналар кірді:

Мың теңгемен	2024 жылғы 1 қаңтар	Ақша ағындары	Пайыздарды төлеу	Басқасы	Бағамдық айырмадағы өзгеріс	Қаржылық шығыстар	2024 жылғы 31 желтоқсан
Алынған қарыздар	-	-	-	-	-	-	-

Мың теңгемен	2023 жылғы 1 қаңтар	Ақша ағындары	Пайыздарды төлеу	Басқасы	Бағамдық айырмадағы өзгеріс	Қаржылық шығыстар	2023 жылғы 31 желтоқсан
Алынған қарыздар	11.929.893	(11.756.532)	(177.922)	-	(166.518)	171.079	-
	11.929.893	(11.756.532)	(177.922)	-	(166.518)	171.079	-

17. ЖАЛДАУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалдау бойынша міндеттемелер былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
Ең төменгі жалдау төлемдері		
Бір жыл ішінде	16.510	80.268
Бір жылдан артық, бірақ бес жылдан астам емес	-	16.054
Ең аз жалдау төлемдерінің жиыны	16.510	96.322
Қаржылық шығыстарды шегере отырып	-	(2.682)
Ең аз жалдау төлемдерінің келтірілген құны	16.510	93.640

Ең аз жалдау төлемдерінің келтірілген құны		
Бір жыл ішінде	16.278	77.730
Бір жылдан артық, бірақ бес жылдан астам емес	-	15.910
Ең төменгі жалдау төлемдерінің ағымдағы құны	16.278	93.640

Төменде жалдау бойынша міндеттемелердің баланстық құны және оның кезең ішінде өзгеруі келтірілген:

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
1 қаңтарға	93.640	-
Түсімдер	-	152.374
Пайыздарды есептеу	2.816	4.562
Төлемдер	(84.945)	(64.326)
Бағамдық айырмалар	4.767	1.030
31 желтоқсанға	16.278	93.640

Жалдау бойынша міндеттеме «Levy Asset Management Ltd» компаниясымен жасалған жалдау шарты бойынша туындады, 2023 жылғы 25 наурыздан бастап Kazmortransflot UK Ltd еншілес компаниясы пайдаланатын кеңсе үй-жайы пайдалану құқығы нысанында актив ретінде жіктеледі.

2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық жалдау бойынша қаржылық шығыстар 2.816 мың теңге (2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 4.562 мың теңге) болды (25-ескертуге).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

18. САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда және басқа да кредиторлық берешек былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
Тауарлар мен қызметтер үшін сауда кредиторлық берешек	8.109.651	8.548.191
Айналымнан тыс активтер үшін сауда кредиторлық берешек	-	2.087
	8.109.651	8.550.278

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешек мына валюталарда білдірілген:

Мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
АҚШ доллары	7.270.016	7.433.233
Теңге	636.174	1.071.414
Еуро	3.554	3.761
Басқалары	199.907	41.870
	8.109.651	8.550.278

19. БАСҚА ДА ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
Қызметкерлер алдындағы берешек (оның ішінде демалыстар бойынша резерв)	299.786	220.738
Шарттың орындалуын қамтамасыз ету	209.755	31.622
Төленуге жататын басқа да салықтар	181.266	70.578
Төленуге жататын ҚҚС	87.973	17.622
Басқасы	5.449	28.582
	784.229	369.142

20. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША ТҮСІМ

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін түсім былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Қызмет түрлері		
Шикі мұнайды тасымалдаудан түскен түсім	97.096.404	98.224.423
Операциялық шығыстарды өтеу - шикі мұнайды тасымалдау	15.938.707	14.661.677
Демерредж - Түрік бұғаздары	7.225.027	8.804.853
Құрғақ жүктерді тасымалдау	6.622.117	4.216.039
Мұнайды/жүктерді тасымалдау кезіндегі демерредж	6.261.118	5.843.885
Адрестік комиссиялар	1.992.690	2.522.385
Техникалық менеджмент	509.406	72.620
Жобалық жұмыстар	193.046	35.431
Брокерлік комиссиялар	21.588	37.866
Экспедициялау	12.495	195.079
	135.872.598	134.614.258

Шикі мұнайды тасымалдаудан түскен түсім Каспий, Қара және Жерорта теңіздерінде тасымалдау қызметтерін көрсетумен байланысты болды. 2024 жылдың ішінде бұл қызметтерді негізгі тұтынушылар KMG Trading AG, Oilmar Shipping and Chartering DMCC, SOCAR MIDSTREAM OPERATIONS LLC және DeltaTrans Logistics DMCC болды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

20. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША ТҮСІМ (жалғасы)

Мұнайды/жүктерді тасымалдау кезіндегі демерреджден түсетін түсім Топтың шартта белгіленген нормативтік уақыттан тыс тиеу және түсіру порттарында кемеңің қарапайымдылығы үшін жалдаушыдан алатын өтемақысы болып табылады.

Құрғақ жүктерді тасымалдаудан түскен түсім Каспий теңізіндегі бағыттар бойынша «Барыс», «Сұңқар», «Бүркіт», «Түркістан» және «Бекет-Ата» кемелерінде контейнерлерді тасымалдау болып табылады.

Адрестік комиссияның түсімі мәміле үшін комиссия ретінде үшінші тарап кеме иелерінен жалға алушылардың кірісімен білдірілген.

Экспедициядан түскен түсім Актау портында жүктерді жөнелту және жүк құжаттарын дайындау процесін ұйымдастырумен байланысты болды.

Техникалық менеджменттен түсетін түсімге Лива және Тараз кемелеріне техникалық қызмет көрсету және жабдықтау кіреді.

Шикі мұнайды тасымалдау және экспедициялау қызметтерін қоспағанда, Топтың барлық қызметтері бойынша түсім уақыт кезеңінің ішінде танылады. Мәміле бойынша барлық тараптар қабылдаған және келісіп алған көлем мен Топ пен кеме жалдаушылар арасында жасалған шарттарда белгіленген тиянақталған тарифтерге сүйене отырып, шикі мұнайды тасымалдау және экспедициялау қызметтерін көрсетуден және тасымалдау бойынша қызметтердің көрсетілу фактісі бойынша түскен түсім. 2024 жылдың ішінде Топ шарт бойынша міндеттемелер құрамына қосылған сомаларға катысты түсімді мойындамады (2023 жылы: 0 теңге).

21. ЖАЛҒА БЕРУДЕН ТҮСКЕН КІРІС

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін жалдаудан түскен кіріс былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Сүйреуіштерді операциялық жалға беруден түскен кірістер	1.118.519	218.276
Инвестициялық жылжымайтын мүліктен түскен кірістер (7-ескертуге)	205.470	253.504
Жабдықтау кемелерін операциялық жалға беруден түскен кірістер	—	5.523.885
Танкерлерді операциялық жалға беруден түскен кірістер	—	1.283.598
	1.323.989	7.279.263

Топ OFCO Offshore Support & Logistic Services LLC компаниясына 2023 жылдың қыркүйегінде «Талас» және «Ембі» буксирлерін және 2024 жылдың қаңтарында «Иргиз» буксирлерін операциялық жалға берді.

22. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін көрсетілген қызметтердің өзіндік құны былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Шикі мұнайды тасымалдау	102.569.077	100.441.775
Демерредж - Түрік бұғаздары	6.078.622	6.680.335
Мұнайды/жүктерді тасымалдау кезіндегі демерредж	4.848.770	4.963.540
Жүктерді тасымалдау	3.398.237	2.973.310
Құрғақ жүктерді таситын кемелерді пайдалану шығыстары	2.701.939	2.496.317
Сүйреуіштер мен баржаларды жалдау шығыстары	614.137	610.366
Техникалық менеджмент қызметтері	434.788	58.526
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке техникалық қызмет көрсету	147.317	142.469
Сервистік флот бойынша шығыстар	144.933	628.711
Экспедициялау	1.013	10.269
Танкерлерді жалға берумен байланысты шығыстары	—	1.091.200
Жабдықтау кемелерін жалдау шығыстары	—	5.444.299
Басқасы	15.461	19.386
	120.954.294	125.560.503

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

22. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ (жалғасы)

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін көрсетілген қызметтердің өзіндік құны былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Танкерлердің кірепұлы	85.804.886	91.473.298
Кемелерге техникалық қызмет көрсету және басқару	9.547.356	9.539.071
Жағар май мен басқа да материалдар	7.567.538	7.576.737
Порт алымдары	5.901.473	5.646.282
Флотты жалдау	5.171.382	5.410.440
Тозу және амортизация	4.516.833	3.741.266
Жалақы және тиісті салықтар	1.175.968	885.733
Сақтандыру шығыстары	562.809	501.874
Кемелерге агент қызметін көрсету	191.118	155.505
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке техникалық қызмет көрсету	119.527	119.953
Пайда салығын қоспағанда, басқа да салықтар	103.423	117.316
Сүйреу қызметтері	35.553	30.401
Негізгі құралдарды жөндеу	—	190.680
Басқасы	256.428	171.947
	120.954.294	125.560.503

23. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін жалпы және әкімшілік шығыстар былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Жалақы және тиісті салықтар	1.744.698	1.463.251
Күтілетін кредиттік зияндар резервін есептеу	580.265	315.126
Кәсіби қызметтер	158.143	157.958
Іссапар шығыстары	127.162	104.555
Тозу және амортизация	112.524	93.107
Сыйлықақылар бойынша резерв	91.316	26.290
Жөндеу және қызмет көрсету	88.572	85.077
Жалдау	42.335	67.251
Әлеуметтік шығыстар	29.159	45.125
Мүшелік жарналар	28.969	33.070
Сақтандыру	23.018	20.759
Байланыс қызметтері	17.078	14.910
Банк комиссиялары	16.251	13.905
Өкілдік шығыстар	7.733	8.393
Материалдар	2.727	5.088
Басқасы	168.919	250.801
	3.238.869	2.704.666

24. БАСҚА ДА ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІСТЕР / (ШЫҒЫСТАР)

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін басқа да операциялық кірістер/(шығыстар) былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Шығыстарды өтеу	166.043	135
Айыппұлдар мен өсімақылардан болатын кірістер	1.061	639
Айналымнан тыс активтердің есептен шығуынан түскен кіріс	—	300.764
ТМҚ-ны сатудан түскен кіріс	—	63.971
Басқасы	39.310	23.255
	206.414	388.764
Үшінші тараптардың қызметтері	(83.430)	(79.533)
Негізгі құралдардың шығуынан болған шығын	(16)	(26.779)
Қорлар бойынша резервті есептеу	(15.089)	(2.783)
	(98.535)	(109.095)

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

25. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР)

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін қаржылық кірістер/(шығыстар) былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Пайыздық кіріс (14-ескертпе)	492.382	337.715
Қаржылық міндеттемелерді дисконттау	32.414	-
	524.796	337.715
Қаржылық жалдау бойынша қаржылық шығыстар (17-ескертпе)	(2.816)	(4.562)
Дисконт амортизациясы	(1.236)	-
Алынған қарыздар бойынша қаржылық шығыстар (16-ескертпе)	-	(171.079)
	(4.052)	(175.641)

26. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін пайда салығы бойынша шығыстар былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Пайдаға салынатын ағымдағы салық бойынша шығыс	2.002.639	3.355.514
Алдыңғы кезеңдер үшін пайдаға салынатын ағымдағы салықты түзету	(3.737)	2.427
Кейінге қалдырылған салық бойынша үнемділік	(112.294)	(244.299)
	1.886.608	3.113.642

Төменде 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін пайда салығы бойынша шығыстардың үнемділігімен бірге пайда салығының ресми мөлшерлемесі бойынша салық салынғанға дейінгі пайдаға қолданылатын пайда салығы бойынша шығыстардың салыстырылуы келтірілген:

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Салық салынғанға дейінгі пайда	11.853.651	12.165.013
Нормативтік салық мөлшерлемесі	20%	20%
Ресми мөлшерлеме бойынша пайда салығы бойынша шығыстар	2.370.730	2.433.003
Жеңілдікпен салық салынатын елдерде тіркелген еншілес кәсіпорындардың пайдасы	27.079	276.453
Халықаралық кемелер тізілімінде тіркелген кемелер бойынша кірістер мен шығыстардан босатылған	(407.523)	339.796
Алдыңғы кезеңдер үшін пайдаға салынатын ағымдағы салықты түзету	(3.737)	2.427
Басқа да тұрақты айырмалар	(99.941)	61.963
Пайда салығы бойынша шығыстар	1.886.608	3.113.642

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

26. ПАЙДА САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР (жалғасы)

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін кейінге қалдырылған салық бойынша қозғалыс былайша көрсетілген:

Мың теңгеммен	2024 жылғы 31 желтоқсан	Жиынтық кіріс туралы есептегі уақытша айырмалар- дың туындауы және қайтарылуы	2023 жылғы 31 желтоқсан	Жиынтық кіріс туралы есептегі уақытша айырмалардың туындауы және қайтарылуы	2022 жылғы 31 желтоқсан
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер					
Ауыстырылатын салық залалы	603.434	(189.378)	792.812	792.812	-
Күтілетін кредиттік зияндарды бағалау резерві	154.088	(166.007)	320.095	(553.914)	874.009
Сыйлықақы төлемдері бойынша резерв	20.739	2.590	18.149	(9.288)	27.437
Басқа да есептеулер	60.904	(2.212)	63.116	(6.782)	69.898
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	839.165	(355.007)	1.194.172	222.828	971.344
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер					
Негізгі құралдар мен инвестициялық жылжымайтын мүлік	1.315.838	(467.301)	1.783.139	(21.471)	1.804.610
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	1.315.838	(467.301)	1.783.139	(21.471)	1.804.610
Кейінге қалдырылған салық бойынша таза міндеттеме	476.673	(112.294)	588.967	(244.299)	833.266

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың 2023 жылдан көшкен айтарлықтай салық шығындары болды, олар болашақ кезеңдерге ауыстырылуы мүмкін және болашақ салық салынатын кірісті азайту үшін пайдаланылуы мүмкін. Қазақстандық салық заңнамасына сәйкес салық шығындары 10 жыл ішінде болашақ салық салынатын пайдаға қарсы есептелуі мүмкін. Тиісінше, 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 603.434 мың теңге мөлшерінде кейінге қалдырылған салық бойынша актив салық шығындарына қатысты танылды (2023 жылғы 31 желтоқсан: 792.812 теңге). 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның танылмаған салық шығындары болмады.

27. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ

Байланысты тараптарға Топтың негізгі басқарушы персоналы, Топтың негізгі басқарушы персоналына тікелей немесе жанама күйде едәуір үлес тиесілі болатын компаниялар, «ҚМГ» ҰК тобына кіретін компаниялар және «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ бақылайтын басқа да компаниялар кіреді.

Байланысты тараптармен мәмілелер міндетті түрде нарықтық талаптарға сәйкес жүзеге асырылмайтын тараптар арасында келісілген шарттарда жасалды. Жыл соңына өтелмеген қалдықтардың қамтамасыз етуі жоқ, олар пайызсыз болып табылады және есеп айырысулар, бұдан әрі көрсетілгенді қоспағанда, ақшалай жасалады. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ байланысты тараптардың берешегіне қатысы бар дебиторлық берешектің күтілетін кредиттік зиянын 725.274 мың теңге (2023 жылғы 31 желтоқсан: 1.187.169 мың теңге) мөлшерінде көрсетті. Мұндай бағалау байланысты тараптың қаржылық жағдайын және оның қызметі жүзеге асырылатын нарықты тексеру арқылы әрбір есепті кезеңде жүзеге асырылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

27. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ (жалғасы)

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар үшін байланысты тараптармен елеулі мәмілелер, сондай-ақ 2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанына қалыптасқан калдықтар төменде көрсетілген:

Кірістер

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
«Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» бақылауындағы компаниялар		
«KTZ EXPRESS» АҚ	3.997.601	1.015.285
«KTZ EXPRESS SHIPPING» ЖШС («KTZ EXPRESS» АҚ ЕҰ)	114.497	–
«Қазпошта» АҚ	58.459	–
«Құрық порты» ЖШС	31.095	30.110
«Транстелеком» АҚ	23.694	9.988
«ҚазМұнайГаз» ҰК бақылауындағы немесе едәуір ықпалындағы компаниялар		
«ҚазМұнайГаз Трейдинг АГ»	93.999.508	109.526.897
«Теңізшевройл» ЖШС	12.495	195.079
«Жеңіс Оперейтинг» ЖШС	8.832	5.558.071
Басқасы	118.510	138.115
	98.364.691	116.473.545

Бірлескен кәсіпорындар

Caspian Integrated Maritime Solutions Ltd	511.219	73.220
---	---------	--------

Сатып алу

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
«Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» бақылауындағы компаниялар		
«Ақтау Халықаралық Теңіз Сауда Порты ҰК» АҚ	994.890	834.428
«Құрық порты» ЖШС	3.346	–
«Транстелеком» АҚ	3.014	4.905
Басқалары	42.322	28.916
«ҚазМұнайГаз» ҰК бақылауындағы немесе едәуір ықпалындағы компаниялар		
«ҚазМұнайГаз Трейдинг АГ»	662.666	848.551
Byron Shippng S.R.L	292.849	212.594
«ТеңізСервис» ЖШС	20.025	25.105
Басқалары	19.598	15.666
	2.038.710	1.970.165

Бірлескен кәсіпорындар

Caspian Integrated Maritime Solutions Ltd	5.244.936	262.019
---	-----------	---------

Алынған қарыздар мен қаржылық шығыстар

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ		
Қаржылық шығыстар (16, 25-ескертпе)	–	171.079

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

27. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ (жалғасы)

Сауда және басқа да дебиторлық берешек пен берілген аванстар

Мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» бақылауындағы компаниялар		
«KTZ EXPRESS» АҚ	663.962	78.963
«Ақтау Халықаралық Теңіз Сауда Порты ҰК» АҚ	29.292	15.744
«Құрық порты» ЖШС	2.902	2.810
«Транстелеком» АҚ	2.612	1.864
«ҚазМұнайГаз» ҰК бақылауындағы немесе едәуір ықпалындағы компаниялар		
«ҚазМұнайГаз Трейдинг АГ»	5.023.202	6.925.222
Byron Shipping S.R.L	2.626	37.274
«Жеңіс Оперейтинг» ЖШС	824	2.986
«Теңізшевройл» ЖШС	—	28.427
Басқалары	12.691	29.727
	5.738.111	7.123.017
Бірлескен кәсіпорындар		
Caspian Integrated Maritime Solutions Ltd	49.835	81.645

Сауда және басқа да кредиторлық берешек пен алынған аванстар

Мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан	2023 жылғы 31 желтоқсан
«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» бақылауындағы компаниялар		
«Транстелеком» АҚ	291	448
«ҚТЖ ҰК» АҚ	—	97.997
Басқалары	2.396	2.894
«ҚазМұнайГаз» ҰК бақылауындағы және едәуір ықпалындағы компаниялар		
«ҚазМұнайГаз Трейдинг АГ»	49.360	52.729
«ТеңізСервис» ЖШС	—	4.750
Басқалары	1.476	2.339
	53.523	161.157
Бірлескен кәсіпорындар		
Caspian Integrated Maritime Solutions Ltd	276.922	41.865

Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі басқарушы персонал 4 адамнан (2023 жыл: 3 адам) тұрды. Қоса беріліп отырған жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің жалпы және әкімшілік шығыстарына қосылған 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін негізгі басқарушы қызметкерлерге төленген жалпы сыйақы сомасы 153.519 мың теңгені (2024 жыл: 135.175 мың теңге) құрайды. 2024 жылы, негізгі басқарушы персоналға сыйақы негізінен жалақы мен бонустан тұрады (2023 жыл: негізінен жалақы мен бонустан тұрады).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**28. ҚАРЖЫЛЫҚ КЕПІЛДІК БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕ**

2009 жылғы маусымда Топ Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкінен (бұдан әрі – «ЕҚҚДБ») алынған қарыз бойынша «Маңғыстау Облысының Кеме жөндеу Зауыты» ЖШС (бұдан әрі – «МОКЖЗ») қауымдасқан компаниясының міндеттемелеріне қаржылық кепілдікті шығарды. Қаржылық кепілдік шартына сай МОКЖЗ берешекті уактылы өтей алмаған жағдайда Топ МОКЖЗ берешегі сомасының 30%-ын (капиталға қатысу үлесіне пропорционалды) төлеуі тиіс.

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша МОКЖЗ ЕҚҚДБ берешегінің пайыздары мен негізгі сомаларын лайықты түрде төлей алмады, сондай-ақ қарызбен байланысты белгілі бір міндеттемелерді бұзды. Сондай-ақ, МОКЖЗ-дегі үлестің 50% иелік ететін «Топаз Энерджи» кепілдік келісімінен шықты. Осылайша, Топ пен «Балықшы» ЖШС арасындағы үлес тиісінше 30% және 20% мөлшерінде бөлінді. Нәтижесінде Топқа үлестің 60% тиесілі болды.

2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша МОКЖЗ-нің ЕҚҚДБ алдындағы берешек сомасы 11.603.268 мың АҚШ доллары болды. 2013 жылғы 1 тамызда Топ «Балықшы» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 30%-ын сатты. Қаржылық кепілдік туралы шарттың талаптарына сай, Топтың қаржылық кепілдік бойынша міндеттемені ЕҚҚДБ келісімінсіз үшінші тараптарға беруге құқығы жоқ. Нәтижесінде, кепілдік бойынша құқықтар «Балықшы» ЖШС-не өтпеді және Топ бұрынғысынша үлестің 60%-ы үшін жауапкершілік көтерді.

2020 жылы ЕҚҚДБ шағымы бойынша Арбитраждық сотта тыңдаулар болды, мұнда ЕҚҚДБ наразылығы ішінара былайша қанағаттандырылды:

- 4.223.796 АҚШ доллары (кепілдік міндеттемелері бойынша негізгі борыш), сондай-ақ 2021 жылғы 22 маусымнан бастап міндеттемелер орындалғанға дейін мерзімі өткен әрбір күн үшін 543,29 АҚШ доллары мөлшеріндегі өсімақы;
- Caspian Services Inc ортақ тәртіппен, бұл шығыстарды ЕҚҚДБ төлеу күнінен бастап ҚТКФ төлегенге дейін 7,9% мөлшерінде 610.000 фунт стерлинг (ортақ тәртіппен, арбитражға шығындарды өтеу);
- Caspian Services Inc ортақ тәртіппен, ЕҚҚДБ шығыстарын төлеу күнінен бастап ҚТКФ төлегенге дейін 7,9% мөлшерінде пайыздарды есептей отырып, арбитраждың қаламақысын өтеу есебінен 51.670 фунт стерлинг;
- Caspian Services Inc ортақ тәртіппен, ЕҚҚДБ шығыстарын төлеу күнінен бастап ҚТКФ төлегенге дейін 7,9% мөлшерінде пайыздарды есептей отырып, LCIA қаламақысын төлеу есебінен 4.245,64 фунт стерлинг.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ қаржылық кепілдік бойынша барлық міндеттемелерді өтеді.

2020 жылы Топ Маңғыстау облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына (бұдан әрі МАЭС) «Балықшы» ЖШС-тен барлық төленген міндеттемелерді ЕҚДБ пайдасына өндіріп алу жөнінде хабарласты. Сот істерінің нәтижесінде Топ пен «Балықшы» ЖШС 2021 жылғы 6 шілдеге дейінгі мерзімде 2.555.360 мың теңге мөлшеріндегі соманы төлеу туралы бітімгерлік келісімге қол қойды.

2021-2023 жылдардың ішінде Топ «Балықшы» ЖШС-тің кредитті төлей алу қабілетін талдау үшін компанияның қаржылық жағдайы туралы формалды ақпаратты алмады. Есепті күнге Топ «Балықшы» ЖШС-тің міндеттемелерді орындауының төмен ықтималдылығына байланысты дебиторлық берешекті мойындамады.

2022 жылғы тамызда Маңғыстау облыстық сотының ұйғарымымен Маңғыстау облысының сотының бітімгершілік келісімді бекіту туралы МАЭС ұйғарымы жойылды.

2022 жылғы мамырда Маңғыстау облысының МАЭС-на «Балықшы» ЖШС-нің мыналарды жарамсыз деп тану туралы талап арызы келіп түсті:

- 29.07.2013 жылғы «Маңғыстау облысының кеме жөндеу зауыты» ЖШС (бұдан әрі МОКЖЗ) қатысу үлесін сатып алу-сату және ҚТКФ мен «Балықшы» ЖШС арасында ЕҚДБ алдында кепілдік міндеттемелерді беру шартын;
- 10.12.2013 ж. МОКЖЗ қатысушыларының жалпы жиналысының қатысушылардың ауысуына байланысты МОКЖЗ-ды қайта тіркеу туралы хаттамасы;
- ҚТКФ қатысушылардың құрамынан шығуына байланысты әділет органдарында МОКЖЗ қайта тіркеу (талапкердің дәлелдері: МОКЖЗ қатысу үлесін сатып алу-сату және кепілдік мән-жайларды беру шарты ЕҚДБ келісімінсіз жасалуы мүмкін емес; ҚЖЖ хаттамасында «Балықшы» ЖШС директорының қолын басқа адам қойды, ҚЖЖ сырттай шешім қабылдауға құқылы емес, ҚЖЖ өткізу туралы хабарлау тәртібі бұзылған).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**28. ҚАРЖЫЛЫҚ КЕПІЛДІК БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕ (жалғасы)**

2022 жылғы тамызда Маңғыстау облысы бойынша МАЭС шешімімен талапкердің сатып алу-сату шартын және МОКЖЗ ЖШС ҚЖЖ хаттамасын жарамсыз деп тану бөлігіндегі талабы қанағаттандырылды.

2022 жылғы қарашада Маңғыстау облыстық сотының сот алкасының қаулысымен ҚТКФ апелляциялық шағымы қанағаттандырылмай қалдырылды, бірінші сатыдағы соттың шешімі өзгеріссіз қалды.

2024 және 2023 жылдардың 31 желтоқсанына Топ «Маңғыстау облысының кеме жөндеу зауыты» ЖШС-нің (бұдан әрі «МОКЖЗ») 30% иелік етеді. 2024 жылғы 31 желтоқсанда бір акцияның баланстық құны 0 теңге (2023 жылғы 31 желтоқсан: 0 теңге) болды.

29. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**Салық салу**

Қазақстандық салық, валюталық және кеден заңнамасы түрлі талқылауларға жол береді және жиі өзгеріп отырады. Топ басшылығының операцияларға және Топ қызметіне қатысты қолданылатын мұндай заңнаманы түсіндіруі тиісті органдармен даулануы мүмкін. Қазақстанда болған жуырдағы оқиғалар салық органдары заңнаманы түсіндіру және салық есептеулерін тексеру кезінде барынша қатаң ұстанымды алуы мүмкін екендігіне нұсқап отыр. Салдарынан, салық органдары бұрын шағым қойылмаған мәмілелер мен есепке алу әдістері бойынша шағымдар қоя алады. Нәтижесінде едәуір қосымша салықтар, өсімпұлдар мен айыппұлдар есептелуі мүмкін. Салық тексерулері тексеру жылының алдындағы қызметтің 5 (бес) күнтізбелік жылын қамтуы мүмкін. Белгілі бір жағдайларда тексерулер бұдан да ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының арасындағы пікірлерде болатын келіспеушіліктер сирек емес, оған қоса шоғырландырылған қаржылық есептілікте кірістерді, шығыстарды және басқа да баптарды ХҚЕС-ке сәйкес көрсетуге қатысты пікірлер. Қазақстандық салық салу жүйесінің екіұштылығына орай салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың түпкі сомасы, егер олар болса, қазіргі уақытқа дейін шығыстарға жатқызылған және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша есептелген сомадан асып кетуі мүмкін. Топ басшылығы 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша заңнаманың тиісті ережелері оларға дұрыс түсіндірілді және салық, валюта мен кеден заңнамасының бөлігінде қабылданған Топтың ұстанымы дау бола қалған жағдайда сәтті қорғалады деп пайымдайды.

2021 жылдың ішінде 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген, Топқа ықпалын тигізетін салық заңнамасында өзгерістер болды. Атап айтқанда, заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде тіркелген кемелер еңбегімен тапқан жүктерді тасымалдаудан, сондай-ақ бербоут чартер мен димайз чартерден түскен кірістер бойынша пайда салығы 100%-ға азаяды. Бұл мұндай кемелер пайда салығынан босатылатындығын білдіреді. 2021-2022 жылы Топ өз кемелерін (сүйреуіштерден басқа) Қазақстан Республикасының халықаралық кеме тізілімінде қайта тіркеді.

Сот шағымдары

Әдеттегі қызметті жүзеге асыру барысында Топ сот шағымдарының немесе істерінің мәні болуы мүмкін. Басшылықтың пікірінше, қазіргі уақытта Топ қызметінің нәтижелеріне немесе оның қаржылық жағдайына айтарлықтай әсер ете алатын ағымдағы қандай да бір сот істері немесе шағымдар жоқ.

Топ нақты жағдайларды ескере отырып елеулі міндеттемелердің пайда болу ықтималдығын бағалайды және тиісті резервті өзінің шоғырландырылған қаржылық есептілігінде міндеттеменің пайда болуына әкеліп соқтыратын оқиғалар болады, ал тиісті міндеттеменің сомасы шынайы түрде айқындала алады деген жеткілікті ықтималдылық болғанда ғана көрсетеді. 2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте сот шағымдары бойынша резервтер көрсетілмеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

29. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Экологиялық мәселелер

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнама даму үдерісінде, сондықтан да тұрақты өзгерістерге ұшырады. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар өте қатаң болуы мүмкін. Заңнамада қолданылып жүрген ережелер, азаматтық талаптар немесе өзгерістерді өте қатаң түсіндіру нәтижесінде туындауы мүмкін әлеуетті міндеттемелер дұрыс бағалануы мүмкін емес. Ағымдағы заңнамаға сәйкес, басшылық Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайына және оның қызметінің нәтижесіне теріс әсер ететін мүмкін әлде ықтимал міндеттемелер болмайды деп есептейді.

Келешек операциялық жалдау бойынша шарттық міндеттемелер – Топ жалға беруші ретінде

Топ сүйреуіштер мен кеңсе үй-жайларын операциялық жалдау шарттарының бірқатарын жасады. Бұл жалдау шарттары 3 жылға дейінгі мерзімдерге жасалды. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жалдау элементтерін қамтитын операциялық жалдау шарттары бойынша, сондай-ақ сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша келешек кезеңдерде алынуға жататын ең аз жалдау ақысы мыналарды құрайды:

Мың теңгемен	2024 жыл	2023 жыл
Бір жыл ішінде	1.295.754	1.084.471
Бір жылдан артық, бірақ бес жылдан астам емес	1.043.184	1.998.064
Бес жылдан астам	–	–

30. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ

Топтың негізгі қаржы құралдары ақша қаражаты мен оның баламаларынан, қысқа мерзімді банк депозиттерінен, сауда және басқа да дебиторлық берешектен, сауда және басқа да кредиторлық берешектен, шаруашылық қызметті жүргізуден тікелей туындайтын алынған қарыздардан тұрады. Топ қаржы құралдарымен сауда жасаған жоқ.

Топ валюталық тәуекелге, кредиттік тәуекелге және өтімділік тәуекеліне ұшырағыш. Топ басшылығы мұндай тәуекелдерді басқару процесін бақылайды.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл Топта қаржылық құралдарға байланысты міндеттемелерді өтеуге қажетті қаражат алуда туындайтын қиындықтар тәуекелі. Өтімділік тәуекелі оның әділ құнына жуық құны бойынша қаржы активін шұғыл өткізу мүмкіндігінің болмауы нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Ағымдағы өтімділікті жоспарлау құралын қолдана отыра, Топ ақшалай қаражаттардың дефициті тәуекеліне бақылау жасайды. Бұл құрал қаржылық инвестицияларды және қаржы активтерін өтеу мерзімін ескереді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)**30. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Өтімділік тәуекелі (жалғасы)**

Келесі кестеде келісімшартты дисконтталмаған төлемдердің негізінде 2024 жылғы 31 желтоқсанға Топтың қаржылық міндеттемелерін өтеу мерзімдері бойынша жиынтық деректер келтірілген.

Мың теңгемен	Талап етілгенге дейін	3 айдан кем	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам	Жиыны
2024 жылғы 31 желтоқсанға						
Жалдау бойынша міндеттемелер	-	16.510	-	-	-	16.510
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	1.642.306	6,467,345	-	-	-	8.109.651
Шарттың орындалуын қамтамасыз ету	-	110.843	98.912	86.414	-	296.169
	1.642.306	6.594.698	98.912	86.414	-	8.422.330
2023 жылғы 31 желтоқсанға						
Алынған қарыздар	-	16.054	64.214	16.054	-	96.322
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	1.573.843	6.976.435	-	-	-	8.550.278
Шарттың орындалуын қамтамасыз ету	-	31.622	-	-	-	31.622
	1.573.843	7.024.111	64.214	16.054	-	8.678.222

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел — қаржы құралы бойынша келешек акша ағындарының әділ құны шетел валюталары бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Топтың валюталық тәуекелге ұшырағыштығы бірінші кезекте АҚШ доллары мен еуроға білдірілген Топтың қарыздары бойынша берешекпен және сауда кредиторлық берешекпен білдірілген. Осылайша, валюта бағамдарының өзгерісі Топтың жекелеген қаржылық жағдайына айтарлықтай ықпал ете алады.

Төмендегі кестеде Топтың 2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салық салынғанға дейінгі табысының (акша активтері мен міндеттемелерінің әділ құнындағы өзгерістерінің салдарынан) басқа да өзгермелілердің өзгермеуі кезінде негізді түрде болжауға болатын АҚШ доллары мен еуроның айырбастау бағамының өзгеруіне сезімталдылығы көрсетілген.

Мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсан		2023 жылғы 31 желтоқсан	
	Айырбастау бағамының ұлғаюы / (азаяуы)	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері	Айырбастау бағамының ұлғаюы / (азаяуы)	Салық салынғанға дейін зиянға әсері
АҚШ доллары	+9,09% -7,34%	1.489.536 (1.202.772)	+14,15% -14,15%	1.755.252 (1.755.252)
Еуро	+9,00% -5,95%	11.810 (7.808)	+12,95% -12,95%	62.551 (62.551)

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел, негізінен, акша қаражаты мен оның баламалары бойынша, сондай-ақ, өтелмеген дебиторлық берешек пен расталған операцияларды қоса алғанда, клиенттерге қатысты туындайды. Банктер мен қаржы мекемелеріне қатысты, тек рейтингісі жоғары мекемелер ғана қабылданады. Топ өз қызметтерін тек қаржылық жағдайы тұрақты және тиісті кредиттік тарихы бар бірнеше ірі сатып алушыларға ғана көрсетеді. Күтілетін кредиттік зияндарға бағалау резервтерін шегере отырып, акша қаражаты мен оның баламаларының және дебиторлық берешектің баланстық құны кредиттік тәуекелге ұшырағыштықтың максималды сомасын білдіреді. Топтың ішкі рейтингтерді тағайындау және контрагенттерге кредит лимиттерін белгілеу саясаты жоқ.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

30. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ, ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)

Қаржы құралдарының әділ құны

Әділ құн тарату кезіндегі мәжбүрлеп сату немесе өткізу мәмілелерінен басқа, нарықтық талаптарда мұндай мәмілені жасағысы келетін және ол жайында білетін тараптар арасындағы ағымдағы мәмілеге айырбасталуы мүмкін құралдың сомасы ретінде айқындалады.

Қаржы құралдарының әділ құнын есептеу үшін ұқсас кредиттік тәуекел мен талаптары бар қаржы құралдары үшін өтеуге дейін қалған уақыт кезеңі ескеріле отырып нарықтық пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағымдарының моделі қолданылады. Әділ құны қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін активтер мен міндеттемелер жағдайында, келешек ақша ағындары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚР ҰБ) жариялайтын статистиканың негізінде ұқсас өтеу мерзімдерімен қаржы құралдарының орташа нарықтық мөлшерлемесі бойынша дисконтталады.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен оның баламаларының, сауда және басқа да дебиторлық берешектің, сауда және басқа да кредиторлық берешектің баланстық құны осы құралдардың қысқа мерзімді сипатының салдарынан шамамен олардың әділ құнына тең болды.

Капиталды басқару

Берешек пен капиталдың балансын оңтайландыру арқылы мүдделі тараптар үшін кірістерді барынша ұлғайта отырып үздіксіз қызмет қамтитын қолдау үшін Топ өз капиталын басқарады.

Топтың капиталын басқару қатысушының капиталын басқару стратегиясына қатаң тәуелді болады. Капиталды басқару жөніндегі шешімдердің көпшілігі қатысушының тиісті комитеттерімен келісе отырып қабылданады. Капиталдың құрылымын қолдау немесе түзету үшін қатысушы Топтың жарғылық капиталын ұлғайта алады және/немесе Топқа барлық елеулі сыртқы қарыздарға кепілдіктер бере отырып, үшінші тараптардан қарызға қаржыландыруды алуға уәкілеттік бере алады.

31. ЕСЕПТІ КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

2025 жылғы ақпанда Компания Басқармасы «KazMortransflot Ltd.» компаниясының Мэн аралынан Маршалл аралдары Республикасына редомицилизациясын бекітті.